

**Жеңілдікті салық салынатын елдерде тіркелген тараптармен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде өткізілетін тауарлардың нарықтық бағасын айқындау қағидалары (әдістемесін) бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 848 Қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

«Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жеңілдікті салық салынатын елдерде тіркелген тараптармен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде өткізілетін тауарлардың нарықтық бағасын айқындау қағидалары (әдістемесі) бекітілсін.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 м а у с ы м д а ғ ы  
№ 8 4 8 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Жеңілдікті салық салынатын елдерде тіркелген тараптармен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде өткізілетін тауарлардың нарықтық бағасын айқындау қағидалары (әдістемесі)**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жеңілдікті салық салынатын елдерде тіркелген тараптармен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде өткізілетін тауарлардың нарықтық бағасын айқындау қағидалары (әдістемесі) (бұдан әрі – Қағидалар) Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында өндірілетін мұнай-газ шикізатын сатып алу-сату туралы келісімшарттарға сәйкес жасалған мәмілелер бойынша бағаларды айқындау (есеп айырысу) тәртібін белгілейді.

## 2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын терминдер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын терминдер, анықтамалар және а б б р е в и а т у р а л а р :

1) әділ нарық бағасы немесе әділ нарық құны – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие (осы Қағидаларда қамтылған және осы Қағидаларға қосымшада келтірілген өнімді бөлу туралы келісімнің I бабындағы терминдердің анықтамалары);

2) басқару жөніндегі бірлескен комитет – ӨБТК-нің 6.1-кіші бөлімінде көрсетілген м ә н г е и е ;

3) бекітілген мәмілелер – ӨБТК 9.2(b)(iv)-кіші бөлімінде және осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мәнге ие;

4) БЖБ – (британдық жылу бірлігі) абсолюттік қысым 14,696 фунт/кв дюйм болғанда таза судың бір фунтының (британдық өлшемдер жүйесінде) температурасын 59,0 Фаренгейт градусынан 60,0 Фаренгейт градусына дейін жоғарылату үшін қажетті жылу м ө л ш е р і н білдіреді;

5) бірлескен қызмет – ӨБТК 9.2(b)-кіші бөлімінде және осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мәнге ие;

6) БСС – 1984 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамына кіретін елдерді немесе аумақты білдіреді;

7) газ жобасы – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие;

8) даулы мәміле – ӨБТК 9.2(b)(v)-кіші бөлімінде және осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген мәнге ие;

9) даулы мәміле бастамашысы (бұдан әрі – ДМБ) – ӨБТК 9.2(b)(v)-кіші бөлімінде және осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген мәнге ие;

10) жеткізу пункті – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие;

11) қатысушы немесе қатысушылар – осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген м ә н г е и е ;

12) КҚК – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие;

13) мердігер – ӨБТК I бабында көрсетілген мердігер компаниялар;

14) мұнай-газ шикізаты – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие;

15) мұнай-газ шикізатының үлесі – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие;

16) ӨБТК – 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісім;

17) ӨБТК күшіне ену күні 1998 жылғы 27 қаңтарды білдіреді;

18) өкілетті орган – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие;

19) өткізу жөніндегі бірлескен комитет (бұдан әрі – ӨБК) – ӨБТК 9.2(a)-кіші бөлімінде көрсетілген комитет;

20) сарапшы – ӨБТК 30.2(b)-кіші бөлімінде көрсетілген тұлға;

21) таза пайда – ӨБТК 9.2(b)(ii)-кіші бөлімінде көрсетілген мәнге ие;

22) түпкілікті сату – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие;

23) ҮШ Үлкен Шағанды білдіреді;

24) ФОб кез келген жеткізу орнында көмірсутектердің кез келген көлеміне қатысты, бұл көмірсутектер франко-борт шарттарында осындай жеткізу орнындағы тиеу үшін одан әрі тасымалдау, өңдеу, сақтандыруға және кез келген басқа да алымдарға, шығындарға немесе шығыстарға қатысты алдын ала төлемсіз немесе басқа міндеттемелер қабылдаусыз берілетіндігін білдіреді;

25) шағын мұнай өңдеу зауыты (бұдан әрі – шағын МӨЗ) – ӨБТК I бабында көрсетілген мәнге ие.

### **3. Өткізу жөніндегі бірлескен комитет құру және оның өкілеттіктерінің аясы, бекітілген және даулы мәмілелер**

3. ӨБТК IX бабына (осы Қағидаларға қосымшада жазылған) сәйкес тараптар ӨБК құрады. ӨБТК сәйкес: ӨБК құрамына әрбір мердігер компаниядан (немесе бірге әрекет етуге уағдаласқан мердігер компаниялардың әрбір тобынан) бір адам және өкілетті органнан Қатысушылардың осындай саны (немесе оның қалауы бойынша айқындалатын аз саны) кіреді; отырыстарды өткізу үшін мердігер компаниялар тағайындайтын адамдардың басым көпшілігінен және өкілетті орган тағайындайтын адамдардың басым көпшілігінен тұратын кворум талап етіледі.

Өкілетті орган немесе мердігер (осы Қағидаларға қатысты әрқайсысы Қатысушы деп аталады) ӨБК шешімдерін қабылдау процесінде бір дауысқа ие болады, сонымен қатар кез келген мұндай шешім қабылдау үшін осы шешімге екі Қатысушы да дауыс б е р у і қ а ж е т .

4. ӨБТК IX бабының ережелеріне сәйкес ӨБТК 9.7-бөлімінде (бірлескен қызмет) көзделген сенімді ағыннан алынатын шикізатты қоспағанда, мұнай-газ шикізатын тасымалдау, өңдеу, айырбастау және сату (түпкілікті сату шеңберінде де, өзгеше де) мәселелері жөніндегі барлық шешімдерді, ӨБК немесе, егер оған ӨБК өкілеттігі табысталған болса, мердігер қабылдайды. Әртүрлі оқуды болдырмау үшін бірлескен қызмет алдымен, өзгелерімен қатар мыналарды қамтиды:

1) КҚК жүйесі бойынша айдалған мұнай-газ шикізатын;

2) Орынборға жіберілетін мұнай-газ шикізатын;

3) газ жобасының өткізілетін мұнай-газ шикізатын тасымалдау, айырбастау және сату мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау;

4) ӨБТК 9.13-бөліміне сәйкес Шағын МӨЗ-на өткізуге жататын мұнай-газ шикізатын тасымалдау, айырбастау және сату мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау.

5. Әрбір Қатысушы ӨБК-ге, (х) мұндай ұсыныс түпкілікті сату мәмілесін көздейтін болады және (у) ұсынылған түпкілікті сату мәмілесінің шеңберінде басқа бірлескен қызмет үшін оларды пайдалануға кедергі келтірмес үшін жеткізу пункті мен өткізу

пункті арасында қолданыстағы коммерциялық уағдаластықтарды (бұрын ӨБК бекіткен) пайдалануды не қолданыстағы бірлескен қызметке кедергі келтірмейтін жаңа ұсынылған коммерциялық уағдаластықтарды пайдалануды көздейтін болады деген талаппен мәмілелер ұсынуға құқылы. ӨБК көлемдерді, талаптарды, сенімділікті және контрагенттің кредиттік қабілеттілігін және баламалардың бар немесе жоқ екенін ескере отырып, барынша көп таза пайданы қамтамасыз ету мақсатында шешімдер қабылдайды.

6. Қатысушы тек мынадай жағдайларда ғана ұсынылған мәмілеге қатысты өз қарсылықтарын білдіруге құқылы:

1) нәтижесінде неғұрлым көп таза пайда алынатын басқа мәміле жүзеге асырылатын болса;

2) түпкілікті сату мәмілелеріне қатысты – сатып алушы мәмілені негіздеуге жеткілікті төлем сенімділігін қамтамасыз ете алмаған жағдайда;

3) мәміле жасасуға арналған басқа нұсқаларға қарағанда, ұсынылған мәміле контрагенттің міндеттемелерді орындамауы бойынша жоғары тәуекелмен байланысты болғанда;

4) ұсынылған мәмілені жүзеге асыруға қажетті мұнай-газ шикізатын өндірудің өзіндік құны болжанған таза пайдадан жоғары болған кезде;

5) басқа тікелей ықтимал нұсқа болмаған кезде, Қатысушылар өздеріне мәміленің неғұрлым пайдалы баламалы нұсқасының пайда болуын ықтимал күту дәрежесі жеткілікті болған кезеңге қарағанда, неғұрлым ұзақ кезеңге міндеттеме алады.

6) қолданылу мерзімі бір жылдан асатын шарттарға қатысты – ұсынылған мәміледе мәмілені жүзеге асыру мерзімі ішінде әділ нарық бағасының ықтимал өсуін көрсететін жеткілікті дәрежедегі бағалардың индексациясы туралы ереже болмаған кезде;

қарсылық білдіретін Қатысушының оның қолданыстағы шарттық міндеттемелерінің тең үлесін шегергенде көлемі осы Қатысушыға тиесілі мұнай-газ шикізатының үлесінен аспайтын мәміленің балама нұсқасын ұсынған жағдайларды, сондай-ақ қолданыстағы өндірістік қуатқа немесе қолданыстағы коммерциялық уағдаластықтарға (бұрын ӨБК бекіткен) байланысты ұсынылған екі мәміленің деректері белгілі бір дәрежеде бір-бірін өзара алып тастайтын жағдайларды қоспағанда.

7. ӨБК бекіткен мәмілелер «Бекітілген мәмілелер» деп аталады. Екі Қатысушының да мұнай-газ шикізатының үлестері бекітілген мәмілелер арасында бөлінеді, бұл ретте екі Қатысушы да бекітілген мәмілелерге байланысты шығындар мен түсімдерге тепе-тең негізде қатысады.

8. Егер ӨБК ұсынылған мәмілені бекітпесе, онда оны ұсынған Қатысушы («Даулы мәміленің бастамашысы» немесе «ДМБ») ұзақтығы үш жылдан артық емес кезең ішінде жеткізу пунктінде мұнай-газ шикізатының осы көлемін сатып ала отырып, көрсетілген мәмілені («Даулы мәміле») жүзеге асыра алады, бірақ, мынадай талаппен, көрсетілген көлем ДМБ мұнай-газ шикізатына құқығын асырмайтын болады және 9.2(b

)(vi) бөлімде белгіленген тәртіпте айқындалған әділ нарық бағасы бойынша екі Қатысушыдан тепе-тең негізде қолданыстағы шарттық міндеттемелер есепке алынады. (x) Кез келген Қатысушы екінші Қатысушы тарапынан осы қағиданың 6-тармағының (a)-(e) тармақшаларында жазылған экономикалық себептерге негізделген қарсылықтары бар мәмілені жүзеге асырғысы келген және (y) екінші Қатысушы бірінші Қатысушы тарапынан осы қағидалардың 6-тармағында жазылған экономикалық сипаты жоқ себептерге негізделген қарсылықтары бар мәмілені жүзеге асырғысы келген және (z) екі мәміле өндірістік қуатқа немесе қолданыстағы шарттық міндеттемелерге қатысты шектеулермен байланысты ішінара немесе толық бір-бірін өзара алып тастаған жағдайларда, жоғарыда (x) бөлігінде аталған ұсынылған мәміле оны мұнай-газ шикізатына ұсынған Қатысушының құқықтарына тиісті шектерде, оның қолданыстағы міндеттемелерінің тең үлесін шегергенде даулы мәміле ретінде жүзеге асырылады және бұл ретте, жоғарыда (y) бөлігінде аталған ұсынылған мәміле оны мұнай-газ шикізатына ұсынған Қатысушының құқықтарына тиісті шектерде, оның қолданыстағы міндеттемелерінің тең үлесін шегергенде бекітілген мәміле ретінде жүзеге асырылуға т и і с .

9. Даулы мәселе арқылы іске асырылатын мұнай-газ шикізатының құны (x) ӨБК немесе (y) ӨБК тарапынан келісім болмаған кезде Қатысушылардың келісімі бойынша айқындалады немесе (z) Қатысушылар тарапынан келісім болмаған кезде ӨБТК 9.2(b)(vi) бөлімінде және ХХХ бабында (осы Қағидаларға қосымшада баяндалған) белгіленген тәртіпте Сарапшы айқындайды.

#### **4. Қарапшығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнында өндірілетін мұнай-газ шикізатының бағасын айқындау тәртібі**

10. Кейіннен Орынбор газ өңдеу кешеніне өңдеуге жеткізілетін, осы Қағидалардың 11-тармағы қолданылатын тұрақтандырылмаған конденсат пен шикі газды сату-сатып алу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, мұнай-газ шикізатына арналған мәміленің бағасы мынадай түрде айқындалады:

мұнай-газ шикізатына арналған мәміле бағасын айқындау үшін мердігер ӨБТК IX бабында көрсетілген әдіснаманы қолданады. Өткізу жөніндегі бірлескен комитет мәмілелерді бекітеді (немесе өзге түрдегі мәмілелер барысында ӨБТК 9.2(b)(v)-(vi) кіші бөлімінде көзделген даулы мәміле рәсіміне сәйкес Сарапшының қатысуымен жүзеге асырылады және бағаланады). Мәміленің алынған бағасы нарық бағасы болып табылады және «қол созу» қағидатына негізделген баға болып саналады.

11. Кейіннен Орынбор газ өңдеу кешеніне өңдеуге жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат пен шикі газға арналған мәміле бағасы мынадай түрде анықталады:

тұрақтандырылмаған конденсат пен шикі газды осы өнімнің ерекшеліктеріне

байланысты өндіріс алаңында сақтаудың мүмкін еместігін қоса алғанда, (1) жергілікті нарық шарттарын, (2) Орынбор газ өңдеу кешеніне және жергілікті мұнай өңдеу зауыттарына шектеусіз рұқсат алған сатып алушылардың шектеулі санын ескере отырып, (3) тұрақтандырылмаған конденсат пен шикі газды тасымалдау мен өңдеуге монополияның бар екенін және (4) кейіннен Орынбор газ өңдеу зауытына өңдеуге жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат пен шикі газ жеткізудің, өз кезегінде, кейіннен Орынбор газ өңдеу зауытына өңдеуге жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат пен шикі газға мәміле бағасын анықтау үшін нарық бағасын қалыптастыруға елеулі әсер ететін арнайы құбыр арнасы жүйесі бойынша ғана жүзеге асырылатындығын назарға ала отырып, мердігер ӨБТК ІХ бабында көрсетілген әдіснаманы қолданады. ӨБТК ІХ бабына сәйкес ӨБК мәмілелерді бекітеді (немесе өзге түрдегі мәмілелер барысында ӨБТК 9.2(b)(v)-(vi) кіші бөлімінде көзделген даулы мәміле рәсіміне сәйкес Сарапшының қатысуымен жүзеге асырылады және бағаланады). Мәміленің алынған бағасы нарық бағасы және «қол созу» қағидатына негізделген баға б о л ы п с а н а л а д ы .

12. Осы Қағидада белгіленген нарық бағасын анықтау рәсімі (әдіснамасы) жеңілдікті салық салу елдерінде тіркелген контрагенттермен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, ӨБТК күшіне ену күнінен бастап жасалған мәмілелерге қолданылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 6

м а у с ы м д а ғ ы

№

8 4 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**І БАП. 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарапығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің «Анықтамалары»**  
**(үзінді)**

## **АНЫҚТАМАЛАР**

Өкілетті орган Қазақстан Республикасының мүддесі үшін әрекет ететін «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» жабық типті акционерлік қоғамын не Қазақстан Республикасының Үкіметі «Өкілетті орган» ретінде айқындаған кез келген басқа жеке немесе заңды тұлғаны не олардың құқық мирасқорларын білдіреді.

Мердігер (і) лицензия берілген күннен бастап Тексако үлесін сатып алу күніне (бұл күнді қоса алмағанда) дейінгі кезеңде – Аджип, Бритиш Газ және Газпром РАҚ; (U) Тексако үлесін сатып алу күнінен бастап (қоса алғанда) осы Келісімге қол қою күніне (

бұл күнді қоспағанда) дейінгі кезеңде – Аджип, Бритиш Газ, Газпром РАҚ және Тексако; және (iii) осы Келісімге қол қою күнінен бастап (қоса алғанда) және бұдан кейінгі кезеңде (осы Келісімнің және XXIII баптың ережелерін ескере отырып) – Аджип, Бритиш Газ, Тексако және ЛУКойл білдіреді. Осы Келісімді жасасу күніне мердігер компаниялардың мердігерге қатысудағы қатысты үлестері мыналар болып табылады (және осы Келісімнің XXIII бабының ережелеріне сәйкес қана өзгертілуі мүмкін): Аджип - 32,5%; Бритиш Газ - 32,5%; Тексако - 20% және ЛУКойл - 15%.

КҚК Атыраудан бастап Новороссийскіге дейін салынғалы және пайдалануға берілгелі отырған құбыр арнасын білдіреді.

Осы Келісім бойынша алынған мұнай-газ шикізатының кез келген көлемдеріне қатысты жеткізу пункті жалғастырушы құбыр арнасы бойынша айдалатын мұнай-газ шикізаты үшін жеткізу пункті ҮШ болып табылатындығын, ал желілер бойынша Орынборға айдалатын мұнай-газ шикізаты үшін жеткізу пункті бұл желілердің Республика мен Ресей Федерациясы арасындағы шекарамен түйісу пункті болып табылатындығын, сондай-ақ ББК ара-тұра мұнай-газ шикізатының нақты ағындарына басқа да жеткізу пункттерін қосымша белгілеуге құқылы екендігін атап көрсете отырып, мұнай-газ шикізаты мердігерлік учаскеден әкетілетін Қазақстандағы пунктті немесе егер мұндай көлем осы Келісім бойынша өнімді бөлу мақсатында өлшене алмайтын болса, мердігерлік учаске аумағынан тыс әкетілгеннен кейін мұндай өлшеу орындалуы мүмкін Қазақстандағы бірінші пунктті білдіреді.

Әділ нарық құны немесе кез келген тауарлық-материалдық құндылықтарды сатуға немесе жеткізуге немесе қызметтер көрсетуге қатысты әділ нарық бағасы тиісті өткізу нарығында тәуелсіз үшінші тарап мұндай тауарлық-материалдық құндылықтарды немесе қызметтерді әділ сатқан жағдайда ақшалай түрдегі баға төлемнің жалғыз нысаны болып табылған кезде қамтамасыз етуге болатын ақшалай түрдегі бағаны білдіреді.

Түпкілікті сату (i) мұнай-газ шикізатын немесе (ii) мердігердің немесе мердігер компанияның немесе өкілетті органның айырбастау бойынша мұндай бірінші мәміле мердігер немесе мердігер компания немесе өкілетті орган көмірсутектер түрінде емес сыйақыға мұнай-газ шикізатын жеткізуді көздейтін көмірсутектерді айырбастау немесе айырбастау сериясы мәмілелерінің барысында алынатын кез келген көмірсутектерді кез келген сатуды білдіреді. Өртүрлі оқуды болдырмау үшін көмірсутектерді айырбастау бойынша операция осы Келісімге қолданылатын сату ретінде қарастырылмайды.

Газ жобасы (i) жылына 5 млрд. текше метр көлемде (немесе өкілетті органның, мердігердің және газ жобасы демеушілерінің келісімі бойынша артық немесе кем көлемде) газды (тазартылмаған) бастапқы қайта өңдеу қуатына және (ii) жылына 10 млрд. текше метр көлемде газды (тазартылмаған) түпкілікті қайта өңдеу қуатына есептелген кәсіпорынды, сондай-ақ Республика мен газ жобасының демеушілері арасында келісілетін жеткізу пунктіне тазартылған газ тасымалдауға арналған құбыр

Мұнай-газ шикізаты мұнайды, газды, конденсатты, басқа да көмірсутек өнімдерін, сондай-ақ мердігерлік учаскені пайдалану кезінде табылуы, өндірілуі немесе өзгеше түрде алынуы және сақталуы мүмкін барлық басқа да көмірсутек заттарын білдіреді.

Осы Келісім бойынша мердігерге, кез келген мердігер компанияға немесе өкілетті органға қолданылатын мұнай-газ шикізатының үлесі сәйкесінше осы Келісімнің және ілеспе құжаттардың шарттарына сәйкес ара-тұра осы тарапқа тиесілі болатын өтемақылық мұнай-газ шикізатының, пайдаға келген мұнай-газ шикізатының және басқа да мұнай-газ шикізатының жиынтық көлемін білдіреді.

Шағын МӨЗ мердігерлік учаскенің аумағында ішінара салынған жылына 400 000 тонна сұйық көмірсутектер қайта өңдеуге есептелген мұнай өңдеу және мұнайды қайта өңдеу зауытын білдіреді (және осы ұғыммен шектеледі).

IX БАП. 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің «Мұнай-газ шикізатын өткізу және оның құнын есептеу»

9.1-БӨЛІМ. Жалпы ережелер. Мұнай-газ шикізаты мен ілеспе заттардың барлық қаржылық көрсеткіштерге қолданылатын құны осы бапта белгіленген тәртіпте айқындалады. Мұнай-газ шикізаты мен ілеспе заттарды өткізу және басқа да өткізу түрлері осы IX бапта белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Сонымен қатар осы бапта шағын МӨЗ мұнай-газ шикізатын таңдау, IX бапқа сәйкес алынған мұнай-газ шикізатын таңдау және даулы мәмілелермен байланысты өткізілген мұнай-газ шикізатын сату шарттары мен шарттарды айқындау әдістемесі жазылды.

9.2-БӨЛІМ. Бірлескен өткізу. (а) Өткізу жөніндегі бірлескен комитет. Тараптар өткізу жөніндегі бірлескен комитет («ӨБК») құрады. ӨБК құрамына кемінде он бес (15 %) пайыз қатысу үлесі бар әрбір мердігер компаниядан (немесе бірлесе әрекет етуге келіскен мердігер компаниялардың әрбір тобынан) бір адамнан және өкілетті органнан осындай Қатысушылар саны (немесе оның қалауы бойынша айқындалатын аз санды) кіреді. Отырыстарды өткізу үшін мердігер компаниялар тағайындаған тұлғалардың басым көпшілігінен және өкілетті орган тағайындаған адамдардың басым көпшілігінен тұратын кворум талап етіледі. Өкілетті орган және мердігер (осы IX бапқа сәйкес әрқайсысы «Қатысушы» деп аталады) ӨБК шешімдерін қабылдау процесінде бір-бір дауысқа ие болады, сонымен қатар кез келген мұндай шешім қабылдау үшін осы шешімге екі Қатысушы да дауыс беруі қажет.

(b) Бірлесе шешілетін мәселелер (i) күшіне енген күннен бастап, төменде баяндалған (iv),(v) және (vi) кіші бөлімдерін есепке алғанда, 9.7-бөлімінде («Бірлескен қызмет») көзделген сенімді ағыннан алынатын шикізатты қоспағанда, мұнай-газ шикізатын тасымалдау, өңдеу, айырбастау және сату (түпкілікті сату шеңберінде және басқа да жағдайда) мәселелері жөніндегі барлық шешімдерді, егер оған ӨБК өкілеттігі табысталған болса, мердігер қабылдайды. Әртүрлі оқуды болдырмау үшін, бірлескен



қызмет бастапқыда, өзгелерден бөлек, мыналарды қамтиды: (А) КҚК жүйесі бойынша айдалған мұнай-газ шикізатын тасымалдау, айырбастау және сату мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау, (В) Орынборға жіберілетін сондай-ақ мұнай-газ шикізатын, (С) газ жобасына өткізілетін мұнай-газ шикізатын және (D) 9.13-бөліміне сәйкес шағын МӨЗ өткізуге жататын мұнай-газ шикізатын тасымалдау, айырбастау және сату мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау.

(ii) Әрбір Қатысушы мұндай ұсыныстарда (х) түпкілікті сату мәмілесі көзделетін болуы және (у) ұсынылған түпкілікті сату мәмілесінің шеңберінде бірлескен қызметтің басқа түрлері үшін оларды пайдалануға кедергі келтірмес үшін жеткізу пункті мен өткізу пункті арасында қолданыстағы коммерциялық уағдаластықтарды (бұрын ӨБК бекіткен) пайдалану не қолданыстағы бірлескен қызметке кедергі келтірмейтін жаңа ұсынылған коммерциялық уағдаластықтар пайдалану көзделетін болуы шарттарында ӨБК мәмілелер ұсынуға құқылы. ӨБК көлемдерді, талаптарды, сенімділікті және контрагенттің кредиттік қабілеттілігін және баламалардың барлығын немесе жоқтығын ескере отырып, барынша көп таза пайданы қамтамасыз ету мақсатында шешімдер қабылдайды. Осы ІХ бапқа қолданылатын «Таза пайда» деген термин 9.5-бөлімдегі осы терминге берілген анықтамаға сәйкес өткізу шығындарын шегергенде түпкілікті сату, үшінші тарапқа сату және байланысқан тарапқа сату мәмілелерінен түскен жалпы түсімдерді білдіреді.

(iii) Қатысушы тек мынадай жағдайларда ғана ұсынылған мәмілеге қатысты өз қарсылығын білдіруге құқылы:

(А) нәтижесінде неғұрлым көп таза пайда алынуы мүмкін басқа мәміле жүзеге асырылуы мүмкін болса;

(В) түпкілікті сату мәмілелеріне қатысты – сатып алушы мәмілені негіздеуге жеткілікті төлем сенімділігін қамтамасыз ете алмаған жағдайда;

(С) ұсынылған мәміле контрагенттің міндеттемелерді орындамауының мәміленің қолда бар басқа нұсқаларына қарағанда, неғұрлым жоғары тәуекелмен байланысты болғанда;

(D) ұсынылған мәмілені жүзеге асыруға қажетті мұнай-газ шикізатын өндірудің өзіндік құны болжанған таза пайдадан жоғары болған кезде;

(E) басқа тікелей ықтимал нұсқа болмаған кезде, Қатысушылар өздеріне мәміленің неғұрлым пайдалы баламалы нұсқасының пайда болуын ықтимал күту дәрежесі жеткілікті болған кезеңге қарағанда, неғұрлым ұзақ кезеңге міндеттеме алғанда; немесе

(F) қолданылу мерзімі бір жылдан асатын шарттарға қатысты ұсынылған мәміледе мәмілені жүзеге асыру мерзімі ішінде әділ нарық бағасының ықтимал өсуін көрсететін жеткілікті дәрежедегі бағалардың индексациясы туралы ереже болмаған кезде;

қарсылық білдіретін Қатысушы оның қолданыстағы шарттық міндеттемелерінің тең үлесін шегергенде көлемі осы Қатысушыға тиесілі мұнай-газ шикізатының үлесінен аспайтын мәміленің балама нұсқасын ұсынған жағдайларды, сондай-ақ қолданыстағы

өндірістік қуатқа немесе қолданыстағы коммерциялық уағдаластықтарға (бұрын ӨБК бекіткен) байланысты ұсынылған екі мәміленің деректері белгілі бір дәрежеде бір-бірін өзара алып тастайтын жағдайларды қоспағанда.

(iv) ӨБК бекіткен мәмілелер «Бекітілген мәмілелер» деп аталады. Екі Қатысушының да мұнай-газ шикізатының үлестері бекітілген мәмілелер арасында бөлінеді, бұл ретте екі Қатысушы да бекітілген мәмілелерге байланысты шығындар мен түсімдерге тепе-тең негізде қатысады. Мәмілелер бойынша мердігер өкілетті органның агенті ретінде қабылдаған және күшіне ену күні қолданыстағы барлық міндеттемелер көрсетілген міндеттемелердің белгіленген қолданылу мерзімі ішінде, бірақ тек контрагенттің қалауы бойынша ғана жүзеге асырылған кез келген ұзарту мерзімдерін қоспағанда, бекітілген мәмілелерге жатады. 9.13-бөлімде көзделген тәртіпте шағын МӨЗ мұнай-газ шикізатын өткізуде бекітілген мәмілелерге жатады.

(v) Егер ӨБК ұсынылған мәмілені бекітпесе, онда оны ұсынған Қатысушы («Даулы мәміленің бастамашысы» немесе «ДМБ») ұзақтығы үш жылдан артық емес кезең ішінде жеткізу пунктінде мұнай-газ шикізатының осы көлемін сатып ала отырып, көрсетілген көлем ДМБ мұнай-газ шикізатына құқығын асырмайтын болуы және 9.2(b)

(vi) бөлімде белгіленген тәртіпте айқындалған әділ нарық бағасы бойынша екі Қатысушыда да тепе-тең негізде қолданыстағы шарттық міндеттемелер есепке алынуы шартында көрсетілген мәмілені («Даулы мәміле») жүзеге асыра алады. Көрсетілген сатып алынатын көлемді төлеу ДМБ көрсетілген сатып алынатын көлемді төлеу сомасы мен ДМБ үлесті құқығымен көзделген осы және кейінгі мердігерлік кезеңдерде бекітілген мәмілелер мен даулы мәмілелерден түскен таза түсімдерден алынған ақшалай сома арасындағы өтемақылық есепке алу жолымен, егер бұл мүмкін болған жағдайда жүргізіледі. (x) Кез келген Қатысушы екінші Қатысушы тарапынан 9.2(b)(iii) бөлімнің (A)-(F) кіші бөлімдерінде баяндалған экономикалық себептерге негізделген қарсылықтары бар мәмілені жүзеге асырғысы келген және (y) екінші Қатысушы бірінші Қатысушы тарапынан 9.2(b)(iii) бөлімнің соңында баяндалған экономикалық сипатта емес себепке ғана негізделген қарсылықтары бар мәмілені жүзеге асырғысы келген және (z) екі мәміле өндірістік қуатқа немесе қолданыстағы шарттық міндеттемелерге қатысты шектеулермен байланысты ішінара немесе толық бір-бірін өзара алып тастаған жағдайларда, жоғарыда (x) аталған ұсынылған мәміле оны мұнай-газ шикізатына ұсынған Қатысушының құқықтарына сәйкес шектерде, оның қолданыстағы міндеттемелерінің тепе-тең үлесін шегергенде даулы мәміле ретінде жүзеге асырылуы мүмкін және бұл ретте, жоғарыда (y) кіші бөлімде аталған ұсынылған мәміле оны мұнай-газ шикізатына ұсынған Қатысушының құқықтарына сәйкес шектерде, оның қолданыстағы міндеттемелерінің тепе-тең үлесін шегергенде бекітілген мәміле ретінде жүзеге асырылуға тиіс.

(vi) Даулы мәміле жолымен өткізілетін мұнай-газ шикізатының қаржылық көрсеткіштерге қолданылатын, сондай-ақ сатып алушы Қатысушы тарапынан төлеуге

жататын соманы есептеуге қолданылатын құны жеткізу пунктінде тәуелсіз коммерциялық мәміле нәтижесінде алынған әділ нарық бағасы бойынша анықталады және (х) ӨБК немесе (у) ӨБК тарапынан келісім болмаған кезде Қатысушылардың келісімі бойынша немесе (z) Қатысушылар тарапынан келісім болмаған кезде осы кіші бөлімде және ХХХ бапта белгіленген тәртіпте Сарапшы анықтайды. Тәуелсіз коммерциялық мәміле кезінде мұндай әділ нарық бағасын анықтау кезінде ӨБК, Қатысушылар немесе Сарапшы жағдайларға байланысты мынадай факторларды н а з а р ғ а а л а д ы :

(А) даулы мәміле шеңберінде өткізуге ұсынылған типтегі мұнай-газ шикізатына қатысты мәміленің балама нұсқаларының болуы, егер мұндай нұсқалар бар болса ( мұндай мәмілелердің таза құны да );

(В) қолданыстағы бекітілген мәмілелер нәтижесінде осы типтегі мұнай-газ шикізаты өнімі бірлігінің таза құны (үлестік құны) (бірақ неғұрлым жоғары үлестік өткізу қабілеті болған кезде көрсетілген бекітілген мәмілелер мұндай таза үлестік құнды қамтамасыз ете алатын болған жағдайда ғана);

(С) даулы мәміле нәтижесінде қамтамасыз етілуі ықтимал болатын таза үлестік құны (барлық тиісті факторларды есепке алғанда, атап айтқанда, контрагенттің сенімділігі мен кредиттік қабілеттілігін қоса алғанда);

(D) ұсынылған мәміленің және көрсетілген кезең ішінде туындауын жеткілікті ықтималдық дәрежеде күтуге болатын кез келген неғұрлым пайдалы баламалы мәмілелердің ұ з а қ т ы ғ ы ;

(Е) барынша көп таза пайданы қамтамасыз ету бойынша Қатысушылардың ма қ с а т т а р ы ;

Егер тәуелсіз коммерциялық мәміле кезінде әділ нарық бағасын Сарапшы анықтайтын болса, онда Сарапшы (aa) өзі анықтаған үлестік құнның өзі анықтаған даулы мәміленің ықтимал таза үлестік құнына қарағанда артық, тең немесе кем болатынын көрсетуге және осыған негіздеме келтіруге; және (bb) қолданылу мерзімі бір жылдан артық жалғасып келе жатқан міндеттемелермен байланысты мәмілелерге қатысты алдымен, шарттың қолданылу мерзімі ішінде көрсетілген мәмілелердің әділ нарық бағасын түзету қажет пе, егер қажет болса, қандай дәрежеде түзету қажеттігін, екіншіден кез келген мұндай қажетті түзетуді жүзеге асырудың тиісті тетігінің қандай болу керектігін анықтауға тиіс. Сарапшы көрсетілген қорытындыны шығарғаннан кейін Қатысушы он (10) күн ішінде өзінің шешімін өзгерте алады (яғни, даулы мәселені ұсынған Қатысушы оны жүзеге асырмау туралы шешім қабылдай алады немесе өзінің қарсылығын білдірген Қатысушы өзінің қарсылығын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдай алады (бұл ретте, соңғы жағдайда бұл мәміле бекітілген мәміле ретінде ж і к т е л е т і н б о л а д ы ) .

(vii) Сарапшы даулы мәміле үшін үлестік әділ нарық бағасының өзі анықтаған даулы мәміленің ықтимал үлестік таза құнынан артық еместігін белгілеген жағдайларда

, ұсынылған мәміле бекітілген мәміле болады.

(viii) Әрбір Қатысушы жыл сайын ӨБК-ге алдыңғы он екі айға көрсетілген кезеңге өнім бірлігіне алынған таза пайданы көрсете отырып, өздерінің даулы мәмілелері туралы бухгалтерлік есебін ұсынады. Егер даулы мәміле нәтижесінде ӨБК, Қатысушылар немесе Сарапшы анықтаған үлестік әділ нарық бағасынан кем емес мөлшерде өнім бірлігіне таза пайда алынатын болса, онда бастапқы кезде ұсынылған мәмілеге қарсы болған Қатысушының ұйғарымы бойынша мұндай мәміле бірлескен банк шоттарына және қаржылық көрсеткіштерге жатқызылған барлық есептеулерге тиісті түзетулер енгізу арқылы көрсетілген он екі айлық кезең ішінде бекітілген мәміле ретінде қарастырылады.

(c) Бекітілген мәмілелерді жүзеге асыру. Мердігер барлық бекітілген мәмілелерді жүзеге асыруға жауапты болады.

(d) Даулы мәмілелерді жүзеге асыру. Жеткізу пунктінде даулы мәміле бастамашысына даулы мәмілелерді жүзеге асыруға бағытталған барлық мұнай-газ шикізатына меншік құқығы ауысады, бұл ретте ол осы мұнай-газ шикізатына қатысты, ДМБ мердігерден көрсетілген қызметті жүзеге асыруын сұрауға құқылы деген талаппен ғана, барлық кейінгі қызметке жауапты болады, бұл жерде оның сұрауына негізсіз бас тарту болуға тиіс емес.

(e) Ақпаратты ашып көрсету. Мердігер өткізу жөніндегі бірлескен комитеттің кез келген мүшесіне оның талабы бойынша мердігер жүзеге асырған барлық бекітілген мәмілелерге және барлық даулы мәмілелерге қатысты барлық ақпаратты және құжаттаманы ұсынады.

(f) Объектілерге рұқсат. Өртүрлі түсінікті болдырмау үшін тараптар өкілетті органның даулы мәмілені жүзеге асыруы мердігерді 3.10-бөлім бойынша міндеттемелерден босатпайтынын түсінеді.

(g) Егер ӨБК бекітілген мәмілелер үшін қолма-қол ақшаға («spot») сату қағидаты бойынша сату мүмкіндігін анықтаған болса, онда ӨБК ӨБК-де әрбір мәмілені бекіту қажеттігінсіз мұндай өткізуді жүргізуге мүмкіндік беретін тиісті тетік қабылдауға тиіс.

9.3-БӨЛІМ. Даулы мәмілелер құнын есептеу. Даулы мәмілелерді жүзеге асыру мақсатында алынған мұнай-газ шикізатының барлық қаржылық көрсеткіштерге қолданылатын және сатып алушыға Қатысушы тарапынан төлеуге жататын соманы есептеуге қолданылатын құны жоғарыда баяндалған 9.2(b)(vi) бөлімнің ережелеріне сәйкес анықталады. Екі Қатысушының даулы мәмілелерге қатысты мұнай-газ шикізатына құқықтары тең бөлінеді, сонымен қатар, екі Қатысушы да ДМБ тарапынан көрсетілген мұнай-газ шикізатын сатып алудан түскен түсімдерге тепе-тең негізде қатысады. Мердігер даулы мәміле кімнің пайдасына жүзеге асырылса, сол Қатысушы үшін өзі жүзеге асырған әрбір даулы мәміле бойынша жеке есепке алуды жүргізеді және осы Қатысушыға жоғарыда келтірілген 9.2(b)(vi) бөлімінде сәйкес есептеу құнының (i) арасындағы және (ii) бөлімнің ережелеріне және сипатына қарай іске

асыру шығыстарына жатқызылған іс жүзіндегі шығындарды шегергенде іс жүзінде алынған түсімдерге сәйкес анықталған айырмашылықты кредитке немесе дебитке береді. Көрсетілген кредит беру немесе дебиттеу барлық қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде назарға алынбайды.

9.4-БӨЛІМ. Бекітілген мәмілелер шеңберінде іске асыру мақсатында алынған мұнай-газ шикізатының құнын есептеу. Бекітілген мәмілелер шеңберінде іске асыру мақсатында алынған мұнай-газ шикізатының барлық қаржылық көрсеткіштерге қолданылатын құны мынадай тәртіппен анықталады.

(а) Мердігерлік кезеңде алынған сұйық көмірсутектердің әрбір баррель құны мынадай тәртіппен анықталады:

(i) жеткізу пунктінде әрбір баррельге нөлге тең шартты мән беріледі. Осы бөлімде көзделген жүзеге асырылатын түзетуді ескере отырып, шартты мән барлық қаржылық көрсеткіштерді есептеуге пайдаланылуға тиіс;

(ii) осыдан кейін әрбір баррель құны оны сату, заттай төлеуге пайдалану, оны түпкілікті жоғалту немесе түпкілікті өткізу сәтінде мынадай тәртіппен түзетіледі:

(А) үшінші тарапқа сатылған жағдайда (даулы мәмілелерден басқа) баррель құны осы сатуға қолданылатын баррельге өткізу шығыстарын шегергенде баррельге көрсетілген сату мәмілесіне қатысты алынған іс жүзіндегі пайда сомасы бойынша анықталады;

(В) БСС-дан экспорт пунктіне немесе БСС аумағынан тыс. пунктке (даулы мәмілелерден басқа) жеткізу арқылы түпкілікті сатуды ұсынатын тараппен байланысты сату жағдайында әрбір партия бойынша баррель құны ФОБ жағдайында «Plaits Oilgram» журналында (немесе халықаралық деңгейде танылған және тараптар уағдаластығы бойынша таңдалған нарық бағаларының өзге анықтамасында) жарияланған экспорттың репрезентативті порттары осы сатуға қолданылатын баррельге өткізу шығыстарын шегергенде сұрыпқа, көлемге және басқа да ерекше жағдайларға қажетті түзетулер арқылы репрезентативті сұйық көмірсутектердің және сұйық көмірсутек өнімдерінің барреліне ортасындағы күн осы партия бойынша коносамент күні болып табылатын бес күндік кезеңге орташа арифметикалық баға бойынша анықталады;

(С) БСС аумағындағы пунктке (даулы мәмілелерден басқа) жеткізу арқылы түпкілікті сатуды ұсынатын тараппен байланысты сату жағдайында – әрбір партия бойынша баррель құны сатып алушыға жеткізу пунктінде осы сатуға қолданылатын баррель үшін өткізу шығыстарын шегергенде орынға, тараптар сипатына және сападағы айырмашылыққа қажетті түзетулер арқылы ұқсас сұйық көмірсутектері немесе сұйық көмірсутек өнімдермен жасалған ұқсас мәмілелер негізінде анықталған оның әділ нарық бағасы бойынша анықталады;

(D) даулы мәміле шеңберінде өткізу жағдайында – баррель құны 9.2 (b)(vi) бөлімде белгіленген тәртіппен анықталады;

(E) егер өнімді жоғалту түпкілікті белгіленген жағдайда, әрбір жоғалтылған көлем

бойынша баррель құны нөлге немесе сақтандыру шарттарына, өнімді тасымалдау және өңдеу шарттарына, басқа да келісімдерге сәйкес немесе өзге де түрде көрсетілген залалдарды өтеу мақсатында үшінші тарапқа қарсы қозғалған кез келген талап арыз нәтижесінде алынған әрбір баррельге неғұрлым жоғары мәнге тең болады;

(F) заттай төлеуге пайдалану жағдайында – баррель құны осы мердігерлік кезеңге түпкілікті сату мәмілелерінің шеңберінде өткізілетін барлық сұйық көмірсутектер бойынша орташа салмақты құнға (өткізу шығыстарын шегергенге дейін жоғарыда келтірілген (A)-(C) параграфтарына сәйкес анықталған) (көлемі бойынша) тең болады; мынадай ғана талаппен, алайда осы мердігерлік кезеңге мұндай түпкілікті сату мәмілелері болмаған кезде баррель құнын анықтау мүмкін болатын соңғы мердігерлік кезеңге анықталған орташа мәнге тең болады не, егер көрсетілген орташа мән кез келген алдыңғы мердігерлік кезеңге анықталмаған болса, анықтау мүмкін болатын жуық арадағы келесі мердігерлік кезеңге анықталған орташа мәнге тең болады;

(G) бартерді пайдалана отырып сату жолымен өткізу жағдайында – баррель құны осы мердігерлік кезеңге түпкілікті сату мәмілелерінің шеңберінде өткізілетін барлық сұйық көмірсутектер бойынша орташа салмақты (көлем бойынша) құн бойынша (өткізу шығыстарын шегергенге дейін жоғарыда келтірілген (A)-(C) параграфтарға сәйкес анықталған) анықталады; мынадай ғана талаппен, алайда осы мердігерлік кезеңге мұндай түпкілікті сату мәмілелері болмаған кезде баррель құнын анықтау мүмкін болатын соңғы мердігерлік кезеңге анықталған орташа мәнге тең болады не, егер көрсетілген орташа мән кез келген алдыңғы тоқсанға анықталмаған болса, осы өткізуге қолданылатын баррельге өткізу шығыстарын шегергенде, анықтау мүмкін болатын жуық арадағы келесі мердігерлік кезеңге анықталған орташа мәнге тең болады;

(H) осы 9.4-бөлімнің (A) – (G) параграфтарында белгіленген тәртіптен ерекшеленген өзге де тәртіппен мұнай-газ шикізатын өткізу жағдайында ӨБК, егер бұл қажет болса, өткізу шығыстарын есепке алуға қатысты кез келген жағдайды қоса алғанда, тиісті есептеу әдісін келіседі. ӨБК келіспеген жағдайда, бұл мәселе 30.2-бөлімде көзделген тәртіппен сараптамаға беріледі.

(b) мердігерлік кезеңде алынған газдың әрбір мың текше метрінің құны мынадай тәртіппен айқындалады:

(i) жеткізу пунктінде әрбір мың текше метрге нөлге тең шартты мән беріледі;

(ii) осыдан кейін газдың (немесе оны айырбастау орнына алынған кез келген көмірсутектердің) әрбір текше метрінің құны, басқа тәртіппен, мынадай тәртіппен оны сату, заттай төлеуге пайдалану, оны түпкілікті жоғалту немесе түпкілікті өткізу сәтінде түзетіледі:

(A) үшінші тарапқа сату (даулы мәмілелерден басқа) жағдайында құн осы сатуға қолданылатын мың текше метрге өткізу шығыстарын шегергенде мың текше метрге көрсетілген сату кезінде алынған іс жүзіндегі пайда сомасы бойынша анықталады;

(B) түпкілікті сатуды білдіретін байланысқан тарапқа сату (даулы мәмілелерден

басқа) жағдайында құн осы Келісімнің тараптарымен келісілген, осы сатуға қолданылатын мың текше метрге өткізу шығыстарын шегергенде осы мердігерлік кезеңге газдың мың текше метрінің бағасы бойынша анықталады;

(C) газ жобасы бойынша өткізу жағдайында құн осы сатуға қолданылатын мың текше метрге өткізу шығыстарын шегергенде өкілетті орган, мердігер және газ жобасының демеушілері арасында келісілген жеткізулер туралы шартта көзделген талаптармен а й қ ы н д а л а д ы ;

(D) даулы мәміле шеңберінде сату жағдайында құн 9.2(b)(vi) бөлімде белгіленген т ә р т і п п е н а й қ ы н д а л а д ы ;

(E) егер өнімді жоғалту түпкілікті анықталған болса, онда әрбір жоғалтылған көлем бойынша құн нөлге немесе сақтандыру шарттарына, өнімді тасымалдау және өңдеу шарттарына, басқа да келісімдерге сәйкес немесе өзге де тәртіппен көрсетілген залалдарды өтеу мақсатында үшінші тарапқа қарсы қозғалған кез келген талап арыз нәтижесінде алынған әрбір мың текше метрге неғұрлым жоғары мәнге тең болады;

(F) заттай төлеу үшін пайдаланған жағдайда құн осы мердігерлік кезеңге түпкілікті сату мәмілелерінің шеңберінде өткізілетін барлық газ бойынша орташа салмақты құнға (өткізу шығыстарын шегергенге дейін жоғарыда келтірілген (A)–(B) параграфтарға сәйкес анықталған) (көлемі бойынша) тең болады; мынадай ғана талаппен, алайда осы мердігерлік кезеңге мұндай түпкілікті сату мәмілелері болмаған кезде құн анықтау мүмкін болатын соңғы мердігерлік кезеңге анықталған орташа мәнге тең болады не, егер көрсетілген орташа мән кез келген алдыңғы мердігерлік кезеңге анықталмаған болса, анықтау мүмкін болатын жуық арадағы келесі мердігерлік кезеңге анықталған о р т а ш а м ә н г е т е ң б о л а д ы ;

(G) бартерді пайдалана отырып сату жолымен өткізу жағдайында құн осы мердігерлік кезеңге түпкілікті сату мәмілелерінің шеңберінде өткізілетін барлық газ бойынша орташа салмақты (көлем бойынша) құнмен (өткізу шығыстарын шегергенге дейін жоғарыда келтірілген (A)–(C) параграфтарға сәйкес анықталған) анықталады; мынадай ғана талаппен, алайда осы мердігерлік кезеңге мұндай түпкілікті сату мәмілелері болмаған кезде құн анықтау мүмкін болатын соңғы мердігерлік кезеңге анықталған орташа мәнге тең болады не, егер көрсетілген орташа мән кез келген алдыңғы тоқсанға анықталмаған болса, осы өткізуге қолданылатын мың текше метрге өткізу шығыстарын шегергенде, анықтау мүмкін болатын жуық арадағы келесі мердігерлік кезеңге анықталған орташа мәнге тең болады;

(H) Осы 9.4-бөлімнің (A) – (G) параграфтарында белгіленген тәртіптен ерекшеленген өзге тәртіпте мұнай-газ шикізатын өткізу жағдайында ӨБК, егер бұл қажет болса, өткізу шығыстарын есепке алуға қатысты кез келген жағдайды қоса алғанда, тиісті есептеу әдісін келіседі. ӨБК келіспеген жағдайда, бұл мәселе 30.2-бөлімде көзделген тәртіпте сараптамаға беріледі.

(c) Басқа да сұйық көмірсутек өнімдерін және (немесе) ілеспе заттарды алу ақталған

сәтте оларды сұйық көмірсутектерден немесе газдан жеке өткізу үшін көрсетілген өнім құнын есептеу әдісін анықтау мақсатында тараптар кездесуге және әділ келіссөздер жүргізуге тиіс. Бұл келіссөздер көрсетілген мәмілелердің бастапқыда 9.2-бөлімге сәйкес бірлескен қызметті құраушы элемент ретінде немесе 9.7-бөлімге сәйкес сенімді ағындарға өткізу ретінде қарастырылуға тиіс пе деген мәселені қамтуға тиіс. егер олар бірлескен қызметті құраушы элементке жатқызылса, онда ӨБК басқа да көмірсутек өнімдеріне қатысты тасымалдау, өңдеу, айырбастау, аралық және түпкілікті сату мәмілелерінің талаптары сенімді ағынға жатқызылды және бірлескен қызметті жүзеге асыру тәртібінен басқа реттелмеді деп танылғандығы туралы мәселені ресми қарастыру тәртібін белгілеуге және ӨБК-де келісуге тиіс.

(d) Өкілетті органға мұнай-газ шикізатын жеткізу XI баптың талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын жағдайларда мұндай мұнай-газ шикізатының қаржылық көрсеткіштерге қолданылатын құнын есептеу өнім бірлігіне мұндай мәмілеге қатысты алынған іс жүзіндегі пайда бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

(e) Бекітілген мәмілелер шеңберінде өткізу мақсатында алынған мұнай-газ шикізатын түпкілікті сатуларды және бекітілген мәмілелер шеңберінде өткізу мақсатында бастапқы алынған, мұнай-газ шикізатын өткізу шығыстарына кіргізілмеген мұнай-газ шикізатының шығыстарын бөлу мақсатында «Түсім тәртібі» («ФИФО») қағидаты қолданылады. Осы Келісімге қолданылатын ФИФО қағидаты мұнай-газ шикізатының жеткізу пунктінде мердігер алған дәрежеде өткізілген немесе жоғалтылған болып саналатынын білдіреді.

(f) Егер кез келген түпкілікті сату шеңберінде көлемдер баррельде емес (сұйық көмірсутектер жағдайында) және мың текше метрде емес басқа өлшем бірлігінде өлшенсе, онда көрсетілген сату мәмілелеріне қолданылатын қолданыстағы бағалар ӨБК-мен келісім бойынша анықталған, ал мұндай келісім болмаған кезде Сарапшы анықтаған аудару коэффициенттерінің көмегімен баррель немесе мың текше метр ( жағдайға байланысты) бағасын көрсететіндей түрде түзетілуге тиіс.

(g) Егер тараптардың кез келгені екінші тарапқа көрсетілген көмірсутектер құнын неғұрлым объективті анықтауға мүмкіндік беретін БСС-да түпкілікті сату мәмілесінің шеңберінде өткізілетін сұйық көмірсутектер құнын есептеу әдісінің барлығын жеткілікті нысанда дәлелдей алса, онда бұл әдіс БСС-ға жеткізу үшін көрсетілген көмірсутектерді байланысқан тараптарға сатуға жатқызылған түпкілікті сату мәмілелерінің құнын есептеуге қолданылуға тиіс.

(h) Егер жеткізу пунктінен кейін мұнай-газ шикізатын тасымалдауды немесе өңдеуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға сапа банкінің немесе басқа да түзету әдістерінің көмегімен (i) көрсетілген жеке немесе заңды тұлға алған мұнай-газ шикізаты сапасының және (ii) көрсетілген жеке және заңды тұлғаға жеткізілген мұнай-газ шикізаты сапасының арасындағы сәйкессіздіктерді есепке алуды жүзеге асырған жағдайда меншікті құн осы сәйкессіздіктерді толық есепке алатындай түрде



түзетіледі (бірақ өткізу шығыстарын есептегенде кіргізілген кез келген баптарды қ а й т а л а м а й д ы ) .

#### 9.5-БӨЛІМ. Бекітілген мәмілелер бойынша өткізу шығыстары

(а) Анықтама. Бекітілген мәмілелер бойынша өткізу шығыстарын айқындау мақсатында кез келген көлемдегі және кез келген типтегі сатылған мұнай-газ шикізатына қатысты «Өткізу шығыстарын» өңдеумен және тасымалдаумен байланысты жеткізу пунктінен түпкілікті сату пунктіне (үшінші тарапқа сатуға қатысты) немесе құн есептеу жүргізілген пунктке (байланысқан тарапқа сатуға қатысты) дейінгі қозғалыс барысы бойынша төменде келтірілген шығындарды (барлық салықтарды, баждарды және ұқсас төлемдерді, мұнай-газ шикізатын жоғалтудан сақтандыру құнын, мұнай-газ шикізаты немесе мұнай-газ өнімі нысанында заттай төлемдерді қоса алғанда) және мұнай-газ шикізатының сақтандырылмаған физикалық шығыстарын (өңдеу кезіндегі табиғи шығысты қоса алғанда) білдіреді; сонымен қатар көрсетілген шығындар мен шығыстар: (i) өңдеу мен тасымалдауды ұйымдастыру мақсатында түпкілікті сату пунктіне (үшінші тарапқа сатуға қатысты) немесе құн есептеу жүргізілген пунктке (байланысқан тарапқа сатуға қатысты) дейін сол уақытта және сол нарықта тәуелсіз тараптардың қатысуымен жүзеге асырылған ұқсас әділ коммерциялық мәміле шеңберінде кез келген әділ және ұқыпты адаммен келтірілді немесе келтіруді болдырмау мүмкін болмады немесе сақтандырылмады және (ii) мердігер іс жүзінде төлеген сыйақының немесе ол көрсетілген өңдеумен және тасымалдаумен байланысты келтірген шығындардың бір бөлігін білдіреді. Мұнай-газ шикізаты нысанындағы заттай төлем құны, сондай-ақ өткізу шығыстарының анықтамасында көзделген физикалық шығыстары жоғарыда келтірілген 9.4(a)(ii) бөлімінің (E) және (F) кіші бөлімдеріне және 9.4(b)(ii) бөлімінің (E) және (F) кіші бөлімдеріне сәйкес көрсетілген мұнай-газ шикізатына берілген құн негізінде өткізу шығыстарын есептеу мақсатында а й қ ы н д а л а д ы .

(b) Өнім бірлігіне өткізу шығыстарын есептеу. Әрбір мердігерлік кезеңге және түпкілікті сату мәмілелерін жүзеге асыратын әрбір пункт үшін сұйық көмірсутектер барреліне немесе газдың мың текше метріне өткізу шығыстары («Үлесті өткізу шығыстары») мыналарды қосып есептеумен айқындалады:

(i) мердігерлік кезеңге бекітілген мәмілелерге қатысты ақшалай түрде төленген өткізу шығыстарының жалпы сомасы;

(ii) сұйық көмірсутектер үшін 9.4(a)(ii)(E) бөліміне сәйкес немесе газ үшін 9.4(b)(ii)(E) бөліміне сәйкес айқындалған өнім бірлігінің құнына көбейтілген жоғалтылған бірліктер саныдары; және

(iii) сұйық көмірсутектер үшін 9.4(a)(ii)(F) бөліміне сәйкес немесе газ үшін 9.4(b)(ii)(F) бөліміне сәйкес анықталған өнім бірлігінің құнына көбейтілген бірліктерді заттай төлеуге пайдаланылған сандар және соманы түпкілікті сату мәмілелері, бартерлік мәмілелер жолымен немесе өзге де тәртіпте өткізілген өнім бірліктерінің жалпы санына

б ө л у .

(с) Егер өзге жағдайда өткізу шығыстарының есебіне кіргізуге жатқызылатын кез келген басқа да шығындар мердігерге немесе оның үлестес тұлғасына көрсетілген қызметтерді төлетуге немесе олардың меншік инфрақұрылымы объектілерінің құнына жатқызылады, онда көрсетілген шығындар тәуелсіз тараптардың қатысуымен ұқсас әділ коммерциялық мәмілелер шеңберінде халықаралық мұнай-газ өнеркәсібінде бұған төлем алынатын дәстүрлі қалыптасқан ставкадан аспайтын болған жағдайда ғана өткізу шығыстарына кіргізілуге тиіс. Өртүрлі оқуды болдырмау үшін өткізу шығыстарына капитал салымдары және мердігер компанияның мұнай-газ шикізатын (немесе бір немесе бірнеше көмірсутектерді айырбастау шеңберінде оның орнына айырбасқа алынған көмірсутектер) түпкілікті сату пунктінен қозғалыс бағыты бойынша жоғарыда келтірілген тасымалдау немесе өңдеу процесінде пайдаланылған кез келген мүліктің, құралдың немесе құрылыстың иесі мәртебесіне ие болған кезде жүзеге асырылған басқа да төлемдер кіргізілмейді. Мердігер ӨБК-дегі өкілдері арқылы өкілетті органға өзі өткізу шығыстарының есебіне кіргізілген барлық шығындар мен шығыстар бойынша ақтау құжаттамасын осы есептеулердің негіздері және шығындар мен шығыстардың себептерін толық көрсетілген жазбаша түсіндірулермен бірге ұсынады. Егер өкілетті орган ӨБК-дегі өкілдері арқылы өткізу шығыстарының есептеуімен келіспесе, онда бұл дау Сарапшы тарапынан және төменде келтірілген ХХХ бапта белгіленген тәртіпте реттеуге жатады. ХХХ бапқа сәйкес шешім шығарғанға дейін көрсетілген түсіндіру (айқын қателік болмаған кезде) және мердігер дайындаған өткізу шығыстарының есептеуі басым күшке ие болады және құнды есептеу мақсатында пайдаланылады; бірақ, мынадай талаппен, өткізу шығыстарының кез келген есептеуі мердігер құнды бастапқы анықтаған күннен бастап осы сомаларды түзету күнін қоса алғанға дейін қолданылған мөлшерлеме бойынша проценттерді есептеуді қоса алғанда, ХХХ бапқа сәйкес шығарылған кез келген шешімге сәйкес түпкілікті түзетуге ж а т қ ы з ы л а д ы .

#### 9.6-БӨЛІМ. Бірлескен шоттар ашу.

(а) Мердігер пайыздарды аударып отырып, өкілетті орган атынан бекітілген мәмілелер және мердігер жүзеге асыратын даулы мәмілелер шеңберінде шығындарды төлегенге және тиісті тараптар арасындағы көрсетілген таза түсімдерді бөлгенге дейін түпкілікті сатудан түскен түсімдерді аударатын бірлескен банк шотын («Бірлескен банк ш о т ы » ) а ш а д ы .

(b) Мердігер ӨБК-ге өндірудің, өткізудің күтілген деңгейлері бойынша әрбір мердігерлік кезеңге шығындар мен табыстар болжамын ұсынады. Мердігер өткізу шығыстарына енізілген немесе өзінің сипаты жағынан көрсетілген тиісті мәмілелер бойынша өткізу шығыстары түпкілікті сатудан түскен жалпы пайдадан біршама асып түсетін тиісті мәмілелерге қатысты оларға жатқызылған шығындарды төлеу үшін бірлескен банк шотында жеткілікті мөлшерде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Болжанған шығыстарды жабу үшін бірлескен банк шотында қаражат тапшы болған жағдайда, мердігер мердігерлік компанияларға күтілетін шығыстарды төлеуге қажетті қаражатқа қатысты ақшалай талаптар жібереді (мұнай-газ шикізатына тепе-тең құқық, өкілетті органның мұнай-газ шикізаты құқығына жатқызылған әрбір мердігер компания шығыстарының тепе-тең үлесін қосу) және бұл ретте, әрбір мердігерлік компания бірлескен банк шотына көрсетілген соманы аударуға міндетті. Осы талаптар бойынша төленген барлық ақшалай қаражатты қайтару болжанған қажеттіліктер үстінен қаражат пайда болған бірінші айдың соңғы жұмыс күні бірлескен банк шотынан (олардың бастапқы төлемінің кезектілігі тәртібімен тепе-тең негізде) жүзеге асырылады. Әртүрлі түсініктерді болдырмау үшін өткізу шығыстарының сомасы бекітілген мәмілелер шеңберінде түпкілікті сатудан түскен жалпы пайданың сомасынан асып түсу нәтижесінде туындаған кез келген теріс мәндер қаржылық көрсеткіштерді есептеуге қолданылатын өспелі қорытынды бойынша тиісті жиынтық мәндерге есептеледі.

(с) Егер кез келген мердігерлік кезеңге бекітілген мәмілелер шеңберінде байланысқан тараптарға сатуға қатысты алынған іс жүзіндегі ақшалай пайда көрсетілген мәмілелер шеңберінде пайдаланылған (және өткізу шығыстарын шегергенге дейін осы IX бапта көзделген тәртіпте белгіленген) мұнай-газ шикізатының құнынан төмен болса, онда мердігер әрбір тарапқа дебетке оның тиісті айырмашылық үлесін есептейді. Егер көрсетілген нақты ақшалай пайда көрсетілген мұнай-газ шикізатының құнынан артық болса, онда мердігер әрбір тарапқа кредитке тиісті айырмашылық үлесін есептейді.

(d) Төлеуге (i) немесе кез келген ақшалай талаптарды немесе 9.6(b) бөлімде белгіленген тәртіпте өткізу шығыстарын төлеуге қажетті болжанған шығыстарды, (ii) кредитке немесе 9.2(v) бөлімге сәйкес көзделген даулы мәміле шеңберінде мұнай-газ шикізатын сатып алуға жатқызылған дебетке кез келген есептеуді 9.6(c) немесе (iii) бөлімге сәйкес көзделген байланысқан тарапқа сату мәмілелеріне қажетті кредитке немесе дебетке кез келген есептеуді ескере отырып, әрбір айдың соңғы күні мердігер бірлескен банк шотындағы кез келген қаражаттың қалдығын тараптар арасында тең бөледі. Әртүрлі түсініктерді болдырмау үшін 9.2(v) бөлімге немесе 9.6(c) бөлімге сәйкес кредит беруді ескере отырып, кез келген түзету тараптардың кредитке берілетін сома мөлшерінде қаражат алуға құқығын көдейтін болады, сонымен қатар, кез келген түзету 9.2(v) бөлімге немесе 9.6(c) бөлімге сәйкес дебеттеуді ескере отырып, тиісті тарап пайдасына төлем ретінде қаралатын болады.

(e) Бірлескен банк шотына аударылған пайыздар осы пайыздар есептелетін ақшалай қаражат шотына аударылған пайыздарға байланысты Қатысушылар арасында бөлінеді.

9.7-БӨЛІМ. Өткізудің сенімді ағындары. (a) Уағдаластықтарға сәйкес тасымалдау мен өткізу жүзеге асырылатын, ОБК пікірі бойынша коммерциялық негізделген және сенімді болып табылатын мұнай-газ шикізаты «Сенімді ағындар» ретінде қарастырылады. Сенімді ағындар ретінде түпкілікті сату шеңберінде өткізілетін

мұнай-газ шикізатының құны 9.8-бөлімде белгіленген тәртіпте айқындалады.

(b) Сенімді ағындар ретінде мұнай-газ шикізатын түпкілікті сату ӨБК шешімдермен реттелмейді, өкілетті органның мердігерден 9.8-бөлімнің талаптарына сәйкес өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатының толық немесе ішінара үлесін өткізуді талап ету құқығын ескере отырып, осы мұнай-газ шикізатына меншік құқығы бар тарап немесе

Қ а т ы с у ш ы б а қ ы л а й д ы .

(c) ӨБК ӨБК-де аралық және түпкілікті сатудың тасымалдау, өңдеу, айырбастау талаптары сол немесе өзге ағынға қатысты сенімді ағынға жатқызылды және бірлескен қызметті жүзеге асыру тәртібімен реттелмейді деп тану туралы мәселені ресми қарау мен келісу тәртібін белгілейді.

9.8-БӨЛІМ. Сенімді ағындарды бірлесіп өткізу. (a) 9.8(d) бөлімде көзделген шығу туралы ережелерді ескере отырып, мердігер немесе әрбір мердігер компания (жағдайға байланысты) осы 9.8-бөлімнің ережелеріне сәйкес өкілетті орган атынан сенімді ағындар ретінде мұнай-газ шикізатын тасымалдауды, өңдеуді, айырбастауды, түпкілікті сату мәмілелерін ұйымдастыруға жауапты болады. Мердігер немесе мердігерлік компания өкілетті органмен мердігер немесе мердігерлік компания өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатының өнімін өткізуді жүзеге асыруға қойылатын талаптар мен ережелерді реттейтін бірлескен өткізу туралы жеке келісім жасасуға құқылы, бірлескен өткізу туралы келісім осы 9.8-бөлімге сәйкес келетін болады. Бірлескен өткізу туралы көрсетілген келісімнің барлық талаптары 9.8-бөлімде айтылған.

(b) Өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатын бөлу. Егер өкілетті орган 9.8(d) бөлімінде көзделген шығу құқығын пайдаланбайтын болса, онда мердігер немесе әрбір мердігер компания (жағдайға байланысты) мердігер немесе мердігер компания ұйымдастырған әрбір мәмілеге өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатының тепе-тең үлесін енгізеді. Мұндай мәмілемен байланысты келтірілген барлық тікелей шығындар мен шығыстар (сондай-ақ ішкі шығындар, бірақ олар үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелерге қатысты төменде жазылған нормаларға сәйкес болған кезде), сондай-ақ олардан түскен түсімдер мердігер немесе мердігер компания мен өкілетті орган арасында кемсітпеушілік және тепе-теңдік негізінде бөлінеді.

(c) Мердігерге рұқсат етілген қызмет. Мердігер немесе мердігер компания өз атынан немесе өкілетті орган атынан тасымалдау, өңдеу, айырбастау жөніндегі уағдаластықтарды, аралық немесе түпкілікті сату мәмілелерін жасасқан жағдайларда мердігер немесе мердігер компания мердігер (немесе мердігер компания) өзінің меншік үлесімен («Рұқсат етілген қызмет») байланысты операцияларға қатысты кез келген шешім қабылдай алатындығы секілді өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатының үлесіне қатысты кез келген шешім қабылдауға құқылы. Жоғарыда баяндалған ұсыныстың жалпы сипатына қарамастан, тараптар мердігердің немесе мердігер компанияның өткізуге жататын қызметтің мынадай нақты түрлерін жүзеге асыруға құқылы екендігі туралы келісті:

(i) егер тек үлестес тұлғалар арқылы жүзеге асырылатын операция болса, үлестес тұлғалар арқылы рұқсат етілген қызметті жүзеге асыру;

(A) өкілетті орган алған әділ нарық бағасы деңгейінен төмен іс жүзіндегі соманың төмендеуіне әкеп соқпайды, сондай-ақ;

(B) егер көрсетілген шығындар халықаралық мұнай-газ өнеркәсібінде тәуелсіз Қатысушылар арасында әділ коммерциялық мәмілелер шеңберінде бұған қатысты белгіленген дәстүрлі басым мөлшерлемелерден аспайтын болса.

Егер өкілетті орган үлестес тұлға алған бағаның осы нарықта тәуелсіз Қатысушылар арасындағы әділ коммерциялық мәмілелер шеңберінде әділ және ұқыпты оператор келісетіндей ұқсас қызметтер бағасына сәйкес келмейді деп негізді түрде санайтын болса, онда мердігер мен өкілетті орган 9.9(a)(ii) бөлімде көзделген және тәртіпте және 9.9(1) бөлімді ескере отырып, тәуелсіз үшінші тараптар үшін көрсетілген қызметтер құнының сомасын анықтау үшін негізге алуға болатын тиісті бағаны келісу мақсатында к е з д е с у жү р г і з у г е т и і с ;

(ii) қолма-қол ақшаға сату мәмілесін немесе өнім айырбастауды жүзеге асыру немесе жеткізу туралы ұзақ мерзімді шарттар жасасу, бірақ мынадай талаппен, мердігер немесе мердігерлік компания отыз күн ішінде өкілетті органды қолданылу мерзімі бір жылдан артық кез келген міндеттемелер туралы хабардар етеді және оған 9.8(d) бөлімде көзделген шығу құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

(iii) мердігердің немесе мердігерлік компанияның пікірі бойынша әділ болып табылатын хеджирлеу жөніндегі уағдаластықтарды жасасу, бірақ мынадай талаппен, көрсетілген уағдаластықтар кемсітпеушілік негізде мердігерге немесе мердігерлік компанияға тиесілі мұнай-газ шикізатына және өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатына қатысты болады. Хеджирлеу бойынша операцияларды есепке алу жеке жүзеге асырылады, бірақ, бұл ретте мердігер немесе мердігер компания өкілетті органға осы мердігерлік кезең аяқталғаннан кейін осы мердігерлік кезеңге тиісті бухгалтерлік есепті кешіктірмей ұсынуға міндетті. өкілетті орган кез келген уақытта мердігердің немесе мердігерлік компанияның өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатына қатысты хеджирлеу жөнінде одан әрі мәмілелер жасасуын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Осы бөлімнің ешбір ережесі кез келген мердігер компанияға мұнай-газ шикізатына немесе мұнай-газ шикізатының қандай да бір нақты бөлігіне қатысты ғана хеджирлеу бойынша уағдаластық жасасуды нұсқайтындай болып т ү с і н д і р і л м е у і т и і с .

Рұқсат етілген қызметті жүзеге асыру кезінде мердігер немесе мердігерлік компания үнемі мұнай-газ шикізаты мен мұнай-газ өнімін өткізуде тәжірибесі бар әділ және ұқыпты компания ретінде әрекет етеді.

(d) Шығу құқығы. Өкілетті орган әрбір жекелеген ағын бойынша сенімді ағындар үшін алынған мұнай-газ шикізатын бірлескен өткізуден шығуға және бас тартуға құқылы, мынадай ғана талаппен, көрсетілген шығу құқығы тек перспективалық түрде

жүзеге асырылады және осы бапқа сәйкес алынған кез келген қолданыстағы шарттық міндеттемелердің талаптарымен реттеледі. Әртүрлі түсініктерді болдырмау үшін тараптар кез келген сенімді ағын үшін алынған мұнай-газ шикізатын бірлесе өткізуден бас тартудың мердігерді 3.10-бөлімге сәйкес міндеттемелерінен босатпайтынын т ү с і н е д і .

9.9-БӨЛІМ. Сенімді ағындардағы мұнай-газ шикізатының құнын есептеу. Сенімді ағын арқылы түпкілікті сату мәмілелерінің шеңберінде өткізілген мұнай-газ шикізатының құны ай сайын осы 9.9-бөлімде көзделген тәртіпте «Жеткізу пунктінде» а н ы қ т а л а д ы .

(а) Сенімді ағындар бойынша өткізу шығыстарын есептеу

(і) Анықтама. Осы 9.9-бөлімнің бұдан кейінгі ережелерін ескере отырып, «Өткізу шығыстары» үшінші тарапқа сату мәмілесінің немесе байланысқан тарапқа сату мәмілесінің шеңберінде өткізілген кез келген көлемдегі және кез келген типтегі мұнай-газ шикізатына қатысты сенімді ағындарға қолданылатын, өңдеумен, тасымалдаумен байланысты тараптық коммерциялық агенттер арқылы жеткізу пунктiнен өткізу пунктiне (байланысқан тарапқа сату жағдайын қоспағанда) дейiн қозғалыс барысы бойынша толық және қажетiне қарай төменде келтiрiлген шығындарды бiлдiредi, сондай-ақ бұл шығындарды:

(А) тәуелсiз тараптардың қатысуымен адал коммерциялық мәміле шеңберiнде осы мұнай-газ өнiмiн өңдеудi, жеткізу пунктiне дейiн тасымалдауды және өткізудi ұйымдастыру мақсатында сол уақытта және осындай жағдайларда жүзеге асыратын әдiл және ұқыпты оператор толық және қажетiне қарай келтiредi.

(В) көрсетiлген өңдеуге, тасымалдауға және өткізуге төленген iс жүзiндегi сыйақының бiр бөлiгiн бiлдiредi.

Төменде баяндалған ережелерде өзгесi көзделген жағдайларды қоспағанда, өткізу шығыстарын есептеу кезiнде ескерiлетiн көрсетiлген шығындар мыналарды қамтиды: Республиканы қоспағанда, басқа да елдерде төленетiн салықтар мен баждар, тарифтер, шығындар, шығыстар, алымдар, ұстаулар, терминалдық және порттық алымдар, пайдалану алымдары, сақтауға төленетiн төлем, жабдық, қызметтер немесе басқа да материалдар түрiнде төлеумен, сондай-ақ мұнай өнiмдерi нысанындағы заттай төлеумен байланысты шығыстар, рұқсат етiлген өткізу қабiлетiне алымдар, сақтандыру жарналары. Әртүрлі түсініктерді болдырмау үшін өткізу шығыстарына капитал салымдары және мердігер компанияның мұнай-газ шикізатын (немесе бір немесе бірнеше көмірсутектерді айырбастау шеңберінде оның орнына айырбасқа алынған көмірсутектер) түпкілікті сату пунктiнен қозғалыс бағыты бойынша жоғарыда келтiрiлген тасымалдау немесе өңдеу процесiнде пайдаланылған кез келген активтiң, құралдың немесе құрылыстың иесi, демеушiсi немесе акционерi мәртебесiне ие болған кезде жүзеге асырылған басқа да төлемдер енгiзiлмейдi.

(ii) Үлестес тұлғалар қызметтері. Егер өзге жағдайда өткізу шығыстарының

калькуляциясына кіргізуге жатқызылатын қандай да бір шығыстар мердігер немесе оның үлестес тұлғасы көрсеткен қызметтермен не оларға тиесілі инфрақұрылым объектілерімен байланысты болса, онда мұндай шығыстар тәуелсіз үшінші тараптар арасында әділ коммерциялық мәмілелер кезінде әлемдік мұнай-газ өнеркәсібінде қызметтер көрсетуге және инфрақұрылым объектілерін пайдалануға алынатын қалыпты және басым тарифтерден аспайтын көлемде ғана өткізу шығыстарының калькуляциясына кіргізіледі. Егер өкілетті орган үлестес тұлға алған бағаның осы нарықта тәуелсіз Қатысушылар арасындағы әділ коммерциялық мәмілелер шеңберінде әділ және ұқыпты оператор келісетіндей балама қызметтер бағасына сәйкес келмейді деп негізді түрде санайтын болса, онда мердігер мен өкілетті орган 9.9(а) бөлімде көзделген тәртіпте және 9.9(1) бөлімнің талаптарын ескере отырып, тәуелсіз үшінші тараптар арасында өткізу шығыстарының калькуляциясына кіргізілуі мүмкін мұндай қызметтермен байланысты шығыстарды анықтау кезінде қолданылатын мәмілелердің тиісті бағасын келісу мақсатында кездесулері тиіс.

(iii) Алып тасталатын шығыстар. Өткізу шығыстарының есебінен жеткізу пунктінен өткеннен кейін мердігердің, әрбір мердігер компанияның, өкілетті орган үлесінің барлық шығыстары алып тасталады, сонымен қатар, мердігер, әрбір мердігер компания және өкілетті орган айқын нысанда өзіне көрсетілген шығыстар тәуекелін қабылдайды.

(iv) Шығыстарды бөлу. Егер өткізу шығыстарының калькуляциясына кіргізуге жатқызылатын қандай да бір шығыстарды мұндай калькуляция орындалатын мұнай-газ шикізатының қандай да бір нақты көлеміне жеке-жеке жатқызу мүмкін болмаған кезде, мұндай шығыстар БТЕ-де көрінген және осы шығыстар келтірілген пункттен кейін бірінші өлшеу пунктінде айқындалған тиісті мұнай-газ шикізатының қатыстық жылу қабілетін ескере отырып, тепе-тең көлемде бөлінеді.

Мердігер немесе әрбір мердігер компания (өкілетті органмен бірге) сенімді ағындардан алынған және шығындарды төлеуге дейін бірлесе өткізілген мұнай-газ шикізатын түпкілікті сатудан түскен түсімдер және тараптар пайдасына проценттер аударылатын бірлескен банк шотын ашады. Мердігер ӨБК-ге өндірудің, өткізудің күтілген деңгейлері бойынша әрбір мердігерлік кезеңге шығындар мен табыстар болжамын ұсынады. Мердігер өткізу шығыстары мұндай түпкілікті сатудан түскен жалпы пайдадан біршама асып түсуі күтілетін кез келген мердігерлік кезеңдегі өткізу шығыстарына жатқызылған шығындарды төлеу үшін бірлескен банк шотына жеткілікті мөлшерде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді. Өртүрлі түсінікті болдырмау үшін өткізу шығыстары сомасының түпкілікті сатудан түскен жалпы пайданың сомасына қатысты асып түсуі нәтижесінде туындаған кез келген теріс мәндер қаржылық көрсеткіштер мен салықтарды есептеуге қолданылатын өспелі қорытынды бойынша тиісті жиынтық мәндерге есептеледі.

б) Сұйық көмірсутегінің құнын есептеу. Осы 9.9-бөлімнің кейінгі ережелерін ескере отырып, кез келген айда, кез келген санатты сұйық көмірсутегінің көлемі бірлігінің

құны орташа өлшенген (көлемі бойынша):

(i) осы ай ішінде осы санатты сұйық көмірсутектерін (ондай сатулар болғанда) үшінші тараптарға сатуды білдіретін түпкілікті сату кезінде көлемнің бірлігіне берілетін ; және

(ii) осы айдағы сұйық көмірсутегінің осы санатына жататын сату шығындарын есептен шығару арқылы, бес күндік (5 күн) кезең ішінде осы санатты сұйық көмірсутегі көлемінің бірлігіне берілетін бағалардың орташа арифметикалық мәнінің орталық күні сапасын, сұрыпын, көлемі мен басқа да ерекше мән-жайларын (ондайлар болғанда) қажеттілігіне қарай түзету арқылы «Platts Oilgram» журналында (немесе халықаралық танылған және ББК-нің келісімімен таңдап алынған нарықтық бағалардың өзге анықтамасында) жарияланған кері таныстыратын экспорт порттарының FOB талаптарында осы партия бойынша коносомент күні болып табылатын осындай санатты «Сұйық көмірсутектерін» (ондай сатулар болғанда) қатысты байланысты тараптарға сатуды білдіретін түпкілікті сатудың барлық мәмілелеріне арналған нақты бағалардың мәнін білдіреді.

(c) Газдың құнын есептеу. Газдың құнын есептеу мынадай тәртіпте жүзеге асырылады :

(i) өткізілетін газ жобасындағы газ құны мердігер, өкілетті орган және газ жобасының демеушілері арасында жасалған таңдау туралы шарттың талаптарында белгіленеді ;

(ii) еуропалық (бұрынғы СЭВ елдерін қоспағанда) басқа кез келген нарықта өткізілетін газдың құны, осы газдың ағыны сенімді ағын болып табылатыны туралы ББК шешім шығарғанға дейін ОБК қабылдаған есептеу әдістемесіне сәйкес белгіленеді; және

(iii) Еуропада (бұрынғы СЭВ елдерін қоспағанда) өткізу үшін алынатын газдың құны мынадай тәртіпте белгіленеді: осы 9.9-бөлімнің кейінгі ережелерін ескере отырып , кез келген айға газ көлемі бірлігінің құны осы айдың ішіндегі газдың осы көлеміне жататын көлемнің бірлігін өткізудің шығындарын минус тәртібінде төменде белгіленген осы ай ішінде газ көлемі бірлігінің бағасы болып табылады. Осы бөлімге қатысты, кез келген айға газ көлемі бірлігінің «Бағасы» орташа өлшемді (көлемдері бойынша) мәнге тепе-тең болады :

(A) сондай сатуды реттейтін келісімшарттармен көзделгендей, осы айда газды ( ондай сату болғанда) үшінші тараптарға сату болып табылатын түпкілікті сатуда көлемнің бірлігіне берілетін нақты бағалар, егер, үшінші тараптарға сатуға арналған қандай да бір келісімшартта көрсетілген газ құнын, тиісті нарықтағы газды сатудың әділ нарықтық бағасынан төмен екендігін өкілетті орган көрсете алған жағдайда, газдың осы көлемі бірлігінің бағасы төменде аталған кіші бөлімдегі (ii) тәртіпте белгіленеді; және мердігер немесе кез келген мердігер компанияның (және мердігердің негізделген өтініші бойынша - тиісті) ұсынатын үшінші тарапқа газды сатуға арналған



келісімшарт жасалар алдындағы кейінгі талаптарда, мердігер мен өкілетті орган сату қаралып отырған нарық өткізу үшін осы келісімшарт бойынша ұсынылатын бағаның әділ нарықтық бағамен салыстырғанда төмен еместігі туралы мәселені әділ талқылау үшін кездесе алады; және

(B) бір ай ішінде байланысты тараптарға кез келген газды сатуға қатысты көлем бірлігінің бағасы мынадай формуламен белгіленеді және сатудың әр мәмілесі бойынша жеке есептеледі:

$$P = (\text{ЦГГ}) / (9769,2 \times EX) + A,$$

мұндағы

P = осы айдағы газ көлемі бірлігінің бағасы;

ЦГГ = Германия экономикасы Федеральдық министрлігінің «Tagesnachrichten» басылымындағы (немесе халықаралық танылған және тараптардың уағдаластығы бойынша таңдап алынған нарықтық бағалардың басқа анықтамасында) ай сайын жариялауға сәйкес осы айда жеткізілген газдың мың текше метрінің (немесе «НМ» неміс маркасында «Германия шекарасындағы бағасы») «Grenzübergangspreis»;

9769,2 = «мегаджоуль» 1 000 000 джоульге тең, ал «джоуль» мәні ISO 1000-1981(E) стандартында көрсетілген газдың бір текше метрінің жылу бөлу қабілеті 35,17 мегаджоульді құрайтын болжамға негізделі отырып, сағатына 1 киловатт есебінде газ бағасында мың текше метрге жататын Германия шекарасындағы бағаны есептеуге арналған тараптармен келісілген коэффициент;

EX = Дойчебанктің ай сайынғы есебінде жарияланатын осы айдағы АҚШ долларына (НМ-ның АҚШ долларына қатысты түрінде көрсетілген) НМ-ны АҚШ Долларына айырбастауға арналған «Франкфурт биржасындағы орташа ресми айырбастау курсы» немесе (егер, ондай курс жарияланбаса) – халықаралық танылған және тараптардың уағдаластығымен таңдап алынған басқа басылымда жарияланған осы айда (НМ-ның АҚШ долларына қатысты түрінде көрсетілген) НМ-ны АҚШ долларына айырбастауға арналған айырбастау курсының орташа күндік мәні; және

A = 9.9(d)-бөлімде көрсетілген тәртіпте белгіленетін үстемеақы қосылған жағдайда, оң сан түрінде және жеңілдіктер болған жағдайда теріс сан түрінде көрсетілген Германия шекарасындағы бағаға енгізілген тиісті түзету;

(i) егер әзірге қарастырылатын нарықта тәуелсіз үшінші тарапқа газды әділ өткізу мәмілесінде Германия шекарасында бағаға үстемеақы немесе жеңілдік жасау қажеттігі 9.9(d)-бөлімде аталған тәртіпте мердігер немесе мердігерлік орган көрсете алмаса және (ii) егер әзірге үстемеақы немесе жеңілдіктің тиісті мәні осы Келісімге сәйкес тараптармен келісілмей немесе Сарапшымен расталмаса «A» мәні нөлге тең болған жағдайда,

(d) Үстемеақыны немесе жеңілдікті белгілеу. 9.9(c)(iii)(B)-бөлімінде көрсетілген формулаға қолдану, Германия шекарасындағы бағаға бағалық үстемеақы немесе жеңілдікті енгізудің жалғыз себебі мынада:

(i) Германиядан ерекше, газдың бағасы Германияның бағасынан едәуір өзгешеленетін елге өткізу;

(ii) статистикалық көрсеткіштері негізінде Германия шекарасындағы баға белгіленетін жалпы сату нарығынан өзгеше нарықта өткізу;

(iii) уақыт өте келе бағаны өсірудің есеп айырысуына арналған формуласы Германияға импортқа шығарылатын газдың келісімшарттарында қолданылған нормалардан едәуір өзгеше келісімшарт;

(iv) жүктеме коэффициенті және (немесе) жеткізу және тұрақсыздық төлемінің шарттары Германияға импортқа шығарылатын газдың келісімшарттарында қолданылған нормалардан өзгеше келісімшарт;

(v) Германияға импортқа шығарылатын газдың келісімшарттарында қолданылған нормалардан едәуір өзгеше басқа да бірқатар уағдаластық талаптары бар келісімшарт;

(vi) Германияға импортқа шығарылатын газ келісімшарттарының басым бөлігінде қолданылған нормалардан қолданылу мерзімі едәуір өзгеше келісімшарт;

(vii) газдың сапасына қойылатын талаптар, Германияға импортқа шығарылатын газдың келісімшарттарында қолданылған нормалардан едәуір өзгешеленеді; немесе

(viii) жеткізулерді уақытша тоқтата тұру мүмкіндігі туралы шарттар Германияға импортқа шығарылатын газдың келісімшарттарында қолданылған нормалардан едәуір өзгешеленеді ;

жоғарыда (i)-(viii) кіші бөлімдерінде аталған ерекшеліктердің міндетті шарты мынадай: тәуелсіз үшінші тараптар арасында әділ келісілген ашық нарықтағы бағалық үстемеақыны немесе жеңілдікті ақтай алады. Осы 9.9-бөлімнің кейінгі ережелерін ескере отырып осы формула қолданылатын газды сатуға жасалған кез келген келісімшартқа қатысты 9.9(c)(iii)(B)-бөлімде келтірілген формуламен белгіленген Германия шекарасындағы бағаға қатысты кез келген үстемеақы немесе жеңілдіктер газды сатуға жасалған осындай келісімшарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде өзгермейді .

(e) Келісімшарттар және басқасы туралы ақпараттандыру. Сенімді ағындарға немесе бірлескен қызметке жататын операцияларға қатысты, құны өткізу шығындарының калькуляциясына енгізілетін газды немесе сұйық көмірсутегісін сатуға немесе қызметтер көрсетуге мердігер немесе кез келген мердігер компания немесе өкілетті органның келісімшарт жасасуынан кейін қысқа нақты ықтимал мерзімдерде мердігер (немесе мердігер компания немесе өкілетті орган) ОБТ-ге (және егер, өкілетті орган талап етсе, оған да) осы мәмілеге байланысты тікелей немесе жанама төлейтін немесе алатын кез келген тараптың өтеуіне жататын барлық басқа материалдар мен ақпараттармен қоса осы мәміле бойынша құжаттаманың көшірмесі ұсынылады. 9.9(c)(iii)(B)-бөлімде келтірілген формулада қолданылатын газды сатуға келісімшарттар жасалған жағдайда, ОБК қысқа практикалық ықтимал уақыт мерзімде Германия (егер талап етілсе) шекарасындағы бағаға қатысты үстемеақы мен жеңілдіктердің тиісті

мәнін талқылау үшін кеңес өткізуі керек.

(f) Алынып тасталатын мәмілелер. Осы бапқа қатысты өкілетті орган осы Келісім бойынша (басқасымен қатар өткізу шығындарының калькуляциясын қоса алғанда) сұйық көмірсутектері, газ немесе басқа да көмірсутекті өнімдердің кез келген көлемінің құнын есептеуде төменде аталған факторлардың есебін даулауға құқылы, тәуелсіз тараптардың талаптарына осы факторлар енгізілмеген және осы талаптар көрсетілмеген жағдайда:

(i) оларды жасасқанға дейін өкілетті орган немесе ОБК бекітпеген келісімшарттарға сәйкес БСС-ға мұнай-газ шикізатын өткізу;

(ii) келісімшарттар (осындай бекітудің әрбір жағдайында негізсіз бас тартылмауы тиіс) жасалғанға дейін өкілетті орган бекітпеген келісімшарттарға сәйкес БСС-ға мұнай-газ шикізатын өңдеу мен тасымалдауға арналған шығындар;

(iii) жалғыз экономикалық өтеу болып табылмайтын қолма-қол есеп айырысудың сату бағасы мердігер, мердігерлік компания немесе олардың тиісті үлестес тұлғаларының кез келгені тікелей немесе жанама алатын үшінші тараптарға өткізу; және

(iv) мердігер немесе олардың тиісті үлестес тұлғалары осындай шығындарға ұшырап, осындай шығындарды төлеуден (B) басқа кез келген өтеулер төленетін өңдеу және тасымалдау бойынша қызметтерден басқа (A) өзге қызметтерді тікелей немесе жанама алатын уағдаластықтарға сәйкес мұнай-газ шикізатын өңдеу және тасымалдауға арналған шығындар;

Жоғарыда баяндалған мәселелердің әрқайсысы бойынша мәлімделген шешім қабылдау үшін мердігер өкілетті орган дәйекті түрде талап ететін ақпаратты оның сұратуы бойынша өкілетті органға әлсін-әлсін ұсынуы тиіс. Өтеудің жоғарыда аталған кез келген түріне қатысты даулар ХХХ бапқа сәйкес көзделген сараптама арқылы реттелуі тиіс.

(g) Аралық құнды белгілеу және ретроспективті қайта есептеу. Кез келген санатты (басқасымен қатар өткізу шығындарының калькуляциясын қоса алғанда) сұйық көмірсутегінің кез келген көлемінің құны кез келген айдың ішінде толық және түпкілікті белгіленбеген жағдайда, осы 9.9-бөлімге сәйкес осы Келісім немесе кез келген сүйемелдеуші құжатпен көзделген кез келген мақсат үшін осындай белгілеу қажет болғанда, осындай барлық мақсаттарға мердігер мен өкілетті орган арасында келісілген құнының мәні негізінде (алдыңғы айдағы құнының мәндері болмаса) алдыңғы айдағы осы санатының сұйық көмірсутегі құнының негізінде аралық құн белгіленуі тиіс. Кез келген айдың тиісті санаты сұйық көмірсутегінің толық және түпкілікті белгілеуден кейін бұрын аралық құнын белгілеу қолданылған тараптар мен барлық басқа да көрсеткіштер арасында бөлудің тиісті қайта есептеуі жүргізіледі.

(h) Өлшем бірліктері. Сұйық көмірсутегі мен басқа көмірсутекті өнімдердің құнын есептеудің әрбір компоненті осы Келісім бойынша баррельге АҚШ долларымен

көрсетілуі тиіс. Осы келісім бойынша газ құнын есептеудің әрбір компоненті 1 мың текше метрге АҚШ долларымен көрсетілуі тиіс. Егер осы Келісім (өткізу шығындарын есептеу кезінде ескерілуге тиісті кез келген шығындарды шектеусіз қоса алғанда) тиісті немесе мақсатты бірліктерге көрсетілмеген немесе осындай негіз, әлемдік мұнай өнеркәсібінде қолданылатын осындай қайта есептеулердің қарапайым тәжірибесі негізінде осындай негіз көрсетілмеген жағдайда, осы құжатта көрсетілген негізде тиісті бірліктер қайта есептелуі керек.

(i) Мұнай-газ шикізатының санаттары бойынша құнын есептеу. Егер сұйық көмірсутегі, газ немесе басқа көмірсутегі өнімдерін жекелеген санаттары сатуға бөлек және түрлі бағалармен ұсынылса, онда осы бап пен VIII баптың талаптары әрбір осындай санатқа жеке қолданылуы тиіс.

(j) Сапасы және тағы сол сияқтылар бойынша топтау. Егер мұнай-газ шикізатын тасымалдаумен немесе өңдеумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға жеткізу пунктінен мердігер немесе оның кез келген үлестес тұлғаларына (А) мердігерден немесе оның кез келген үлестес тұлғасынан, не олардың атынан жеке немесе заңды тұлғамен алынған мұнай-газ шикізатының сапасы мен (В) мердігер немесе оның кез келген үлестес тұлғасының мекенжайына немесе атына осындай жеке немесе заңды тұлға жеткізген мұнай-газ шикізатының сапасы арасында айырмашылықтар туралы мердігерге немесе оның үлестес тұлғаларына хабарлайды, ондай айырмашылықтар сапасына қарай топтау немесе басқа қайта есептеу арқылы анықталады онда, мұнай-газ шикізатының құны осы бапқа сәйкес бұл мән-жәйді толық ескере отырып түзетілуі тиіс.

(к) газ бағасы мен құнын есептеу талаптарын кезеңдік түзетулер. Осы 9.9-бөлімнің жоғарыда баяндалған ережелеріне қарамастан:

(i) 9.9(c)(iii)(В)-бөлімінде көрсетілген формула қолданылатын газды сатуға арналған кез келген келісімшартқа сәйкес газды жеткізу басталғаннан соң, 3 жылдан және осыдан кейін осындай келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір 3 жылдан кейін ӨБК бұрын осындай келісімшарт үшін келісілген Германия шекарасындағы бағаға қатысты (егер ондайлар болғанда) үстемеақы немесе жеңілдіктердің мәнін қарастырады. Егер ӨБК үстемеақының немесе жеңілдіктерінің мәнін анықтауда ескерілген алғышарттардың елеулі өзгерістерінің бар екендігін анықтай алса, онда үстемеақының немесе жеңілдіктің мәні (мән-жайға байланысты) тиісінше түзетіледі. Үстемеақы және жеңілдіктерді түзету қажеттілігін дәлелдеу ауыртпалығы, осындай түзетуді жүргізуге талап ететін тарапқа жүктеледі.

(ii) Газды сатуға арналған келісімшарт 9.9(e)-бөлімге сәйкес өкілетті органға ұсынылған кезде, сондай-ақ осыдан кейін 18 ай аралығынан кейін, егер мердігер немесе өкілетті орган Германия шекарасындағы баға негізіне қарағанда (“Импорт бағалары туралы жергілікті деректер”) осы газ импортталатын елде жарияланған импорттық бағалар туралы ақпарат негізінде газ бағасы тура дәл белгілене алатын (немесе 30.2-

бөлімге сәйкес Сарапшыға лайықты түрде) түрінде басқа тарап үшін лайықты түрде көрсете алса, онда осы елге экспортталатын газдың бағасын есептеу кезінде байланысты елдерге сату арқылы өткізу үшін Германия шекарасындағы баға орнына импорт бағалары туралы жергілікті деректер қолданылады және 9.9(c)-бөліміне және осы 9.9-бөлімінің тиісті ережелеріне сәйкес бұл газдың бағасын есептеу кезінде “Германия шекарасындағы бағаға”, “Германияға”, “неміс” және “неміс маркасына” барлық сілтемелер мен Германияға импорттауға арналған келісімшарттарға жататын импорттың талаптары тиісінше “импорт бағалары туралы жергілікті деректерге”, “тиісті елге”, “осы елге”, “жергілікті валютаға” және тағы сондайларға сілтемелермен тиісінше алмастырылуы керек, ал валютаны қайта есептеудің барлық коэффициенттері, үстемеақы мен жеңілдіктерінің есептеулері және осы ережелерге енгізілген құнын есептеудің басқа элементтері тиісті ел мен нарықты ескере отырып, өзгертілуі тиіс; осы 9.9(k)(ii)-бөлімінің ережесінің қолданылуын қамтамасыз ету үшін басқа ел (немесе 30.2-бөлімге сәйкес Сарапшы) барлық төменде баяндалған талаптар негізінен қанағаттандырылған жағдайда:

(A) қаралатын импорттық бағалар бойынша статистикалық деректерді, тиісті елдегі белгілі ұйым кемінде тоқсан сайын жариялайды;

(B) ұсынылатын импорт бағалары туралы жергілікті деректер қаралатын мердігерлік кезең аяқталған соң 3 айдан кешіктірілмей жарияланады және жалпыға қолжетімді болады;

(C) ұсынылатын импорт бағалары туралы жергілікті деректер әлемдік газ өнеркәсібінің жалпы қабылданған болып табылады және осы елге импортталатын газ құнын дәл сипаттайды;

(D) газ импорты осы елге газды импорттаудың жиынтық көлемінің 25 пайызынан аспайтын орташа жылдық есептеуді құрайды;

(E) импортқа арналған тиісті келісімшарт бойынша жеткізілген газдың құны, осы нарыққа (оның сапасын, келісімшарттарының талаптарын және басқа да тиісті факторларды ескере отырып) импортталатын газдың орташа құнынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ;

(F) осы елге импортталатын газ әдеттегідей еркін айналымдағы валютада төленеді.

(iii) Күшіне енген күнінен кейін әрбір он жылдан кейін тараптар газдың құнын есептеу бойынша осы Келісімнің ережесін қайтадан қарайды. Егер мердігер немесе өкілетті орган басқа тарапқа лайықты түрде (немесе 30.2-бөлімге сәйкес Сарапшы үшін лайықты түрде) көрсете алса, оның:

(A) газдың құнын есептеудің қолданыстағы әдісі, осы газдың құнын әділ көрсетілуін қамтамасыз етпесе; және

(B) осы газдың құнын неғұрлым әділ көрсететін газ құнын есептеудің балама әдісі бар болса, онда осы Келісім бойынша газдың құны мен өсімақысын есептеу туралы ережелер құнын есептеудің осындай балама әдісін көрсететіндей етіп өзгертіледі.

(iv) Егер осы бапта аталған ақпараттың жарияланатын көздерінің ішінен қандай да бірі басқалай себеп бойынша жариялануын тоқтатса немесе қол жетімді болмаса, онда мердігер немесе өкілетті орган ақпаратты алмастыру көзін келісу үшін кездеседі, ол қол жетімсіз болған көздің функциясын мүмкіндігінше дәлірек орындайды. Егер мердігер мен өкілетті орган осы жағдай бойынша бірінші кездескен сәттен бастап 3 ай ішінде осындай алмастыратын ақпарат көзі бойынша уағдаластыққа келе алмаса, онда алмастыратын ақпарат көзін таңдау туралы мәселе 30.2-бөлімге сәйкес Сарапшыға р ұ қ с а т а л у ғ а б е р і л е д і .

(1) Дауларды саралау. Мұнай-газ шикізатының кез келген көлемі мен түрінің (басқасымен қатар осы есептеулер кезінде қарастыруда ескерілуі немесе одан алып тасталуы тиіс шығындар немесе кез келген шығыстар мен өткізу шығындарын калькуляциялау туралы мәселе жөніндегі кез келген келіспеушіліктерді қоса алғанда) құнын есептеуге қатысты тараптар арасындағы кез келген келіспеушіліктер осы 30.2-бөлімге және осы 9.9-бөлімнің қолданылатын ережелеріне сәйкес мына жағдайларда с а р а п т а м а ғ а б е р і л е д і :

(i) үшінші тараптарға сатуға жасалған келісімшартта аталған баға қарастырылатын нарықтағы мұнай-газ шикізатының тиісті түрін өткізуде әділ нарықтық баға болатындығы туралы өз шешімін шығару кезінде Сарапшы сатуға жасалатын келісімшарттың барлық талаптарын ескеріп, мыналарға тиісті емес:

(A) егер (x) баға қаралатын өткізу нарығындағы әділ нарықтық бағадан айырмашылығы 5 пайыздан аспаса немесе қарастырылатын сату сатушы мәлімдеген босату бағасынан өзгешеленетін сыйақы төлеу немесе алу арқылы жүргізілетіні (әділ нарықтық бағадан бір ғана ауытқудан басқасы) немесе тәуелсіз үшінші тараптармен жасалатын газды сатудың халықаралық коммерциялық мәмілелерінде қолданылатын қарапайым экономикалық ынталандырудан ерекшеленетін сыйақының түрлері ішінара немесе толық әсер ететіндігін дәлелдейтін үшінші тарапқа сату кезінде сатушының кез келген мәлімдеген босату бағасын біліктіліктен айыруға; немесе

(B) мердігердің үлестес тұлғаларына газды сатуға жасалған келісімшарттар жағдайында – егер ұсынылған үстемеақыны қосу немесе ұсынылған жеңілдікті алып тастау арқылы Германия шекарасындағы баға ғана қаралатын өткізу нарығы үшін әділ нарық бағасынан айырмашылығы 5 пайыздан артыққа ерекшеленбесе, мердігер ұсынған Германия шекарасындағы бағаға үстемеақының немесе жеңілдіктің мәнін т ү з е т у ғ е ;

(ii) өткізу шығындарының калькуляциясына енгізілген немесе енгізуге ұсынылған шығындарға қатысты кез келген дауда өкілетті орган Сарапшыға лайықты шығындардың қаралатын элементінің 9.9(a)-бөліміне сәйкес келмейтіндігі туралы дәлелдер ұ с ы н у ы т и і с , ж әне

(iii) импорт бағалары туралы жергілікті деректерге 9.9(k)(ii)-бөліміне сәйкес Германия шекарасындағы бағаларды ауыстыру немесе ұсынылған ауыстыруға қатысты

(А) Германия шекарасындағы баға Сарапшы өз шешімін қабылданғанға дейін қолданылады : және

(В) егер, 9.9(k)(ii)-бөлімінде көрсетілген барлық тараптар негізінен қанағаттандырылғанына Сарапшының көзі жетпейінше Германия шекарасындағы баға импорт бағалары туралы жергілікті деректерге ауыстырылмайды.

9.10-БӨЛІМ. Жергілікті жеткізулер бойынша жалпы ұлттық төтенше жағдайлар мен міндеттемелер. IX баптың ешқандай ережелері XI бап бойынша өкілетті органның өкілеттігіне әсер етпейді.

9.11-БӨЛІМ. IX бапты өзгерту. IX баптың ережесіне өзгеріс туралы көрсетілген жазбаша келісімге сәйкес аталған өзгерістерде өзгертілген IX баптың бөлімдері ерекше көрсетілген жағдайда, тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгерістер енгізілетін болады деп тараптар уағдаласты.

9.12-БӨЛІМ. Еуропалық Одақ елдеріне өткізу. Еуропалық Одақ («ЕО») елдеріне немесе бірлескен қызмет шегінде не сенімді ағындар арқылы жүзеге асырылатын түпкілікті сатудың кез келген мәмілелері ЕО-ның қолданылатын заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бәсекелестік жөніндегі ЕО комиссиясы («Бәсекелестік») төртінші бас директоры ЕО елдері аумағында бірлескен өткізуді жүргізуіне қарсылығын білдіруіне қарай, әр мердігер компания мұнай-газ шикізатының (i) өз үлесін және (ii) өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатының өзіндік тепе-тең үлесін жеке алады және өткізеді. Өкілетті органға тиесілі мұнай-газ шикізатын осылай ЕО-ға бөлек өткізуді, әрбір мердігер компания 9.8-бөлімнің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

9.13-БӨЛІМ. Шағын МӨЗ-ге өткізу. Күшіне енген күнінен кейін үш жыл ішінде мердігер мен өкілетті орган мұнай-газ шикізатының өз үлесінен тепе-тең түрде жыл сайын шағын МӨЗ операторына жылына ҚҚС қолданылса, ҚҚС-ны тоннасына қосу арқылы 40 АҚШ доллары бағасымен 400000 тонна сұйық көмірсутегін береді. Егер шағын МӨЗ операторы еркін айырбасталатын доллармен жүргізілетін көрсетілген мұнай-газ шикізатына уақтылы төлемесе, осы мұнай-газ шикізатын ұсыну жөніндегі міндеттемелердің әрекеті барлық тиесілі сомалар толық төленбейінше тоқтатылады.

XXX БАП. 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің «Төрелігі»

30.1-БӨЛІМ. ЮНСИТРАЛ қағидаларына сәйкес төрелік. 30.2-бөлімнің ережелерін қоспағанда осы Келісім немесе оған байланысты, оны орындау, бұзу, заңды күші және талқылау салдарынан туындаған осы Келісімнің кез келген тараптары арасындағы барлық даулар, айырмашылықтар, келіспеушіліктер немесе өтініш-талаптар (төменде баяндалған ережелерді ескеріп) тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешілуі керек, ал аталған келіссөздерді жүргізу туралы жазбаша өтініш берілген күнінен бастап 45 жұмыс күні ішінде, ондай реттеу болмаған жағдайда, біреуін мердігер, біреуін Республика, ал үшіншісі мердігер және Республика немесе (ондай

келісім болмаған жағдайда) Гаага қаласындағы Тұрақты төрелік сотының Бас хатшысы көрсеткен тәртіппен тағайындалған екі төре арасында келісім бойынша тағайындалатын құрамында үш төре бар халықаралық сауда (ЮНСИТРАЛ) құқығы жөніндегі БҰҰ комиссиясының қолданыстағы Төрелік қағидаларына сәйкес Стокгольм (Швеция) қаласындағы төрелік сотында толық, белгілі және түпкілікті реттелуге жатады. Көрсетілген ережелерге қолдану аталған дауға (даулар) бастамашы болған сол тарап немесе тараптар төрелікке, талап арыз беруші ретінде төрелікте қаралады, оларға қарсы төрелік іс қозғалатын тарап пен тараптар төрелікте жауапкер ретінде қаралады. Төрелік тілі орыс және ағылшын тілі болып табылады. Төрелікке шығарылатын кез келген шешім осы келісімге сәйкес тараптар үшін түпкілікті және міндетті болып табылады және қажеттігіне қарай мәжбүрлеу арқылы сот тәртібінде кез келген сот немесе басқа өкілетті орган жүзеге асырады, алайда, жоғарыда айтылғанды қоспағанда осы Келісімге сәйкес кез келген өткізілетін төрелікке және онда шығарылатын кез келген шешімге қатысты қандай болмасын шағымдану және жүгінудің барлық құқықтар осымен жоққа шығарылады. Тараптар осы Келісімнің коммерциялық мәміле болып табылатынын (i) кез келген төрелікке немесе оның шығаратын шешіміне; (ii) аталған шешімнің мәжбүрлеп орындалуын қамтамасыз ету мақсатында кез келген өндіріске; сондай-ақ (iii) коммерция ретінде қолданылатын мүлік пен активтерге қатысты аталған шешімнің кез келгенін орындауға қатысты кез келген мемлекетте өз мемлекеттік иммунитеті туралы олардың тараптарының біреуі мәлімдеуге құқылы еместігі туралы фактіні мойындайды және қабылдайды. Әрбір тарап осы ережеде көзделген төрелікте өз шығыстары мен оған байланысты шығындарды өзі төлейді және басқа тараптармен тең бөлісіп, төрелік талқылаудың төрелік сот алатын төлемін төлейді, оның үстіне екі жағдайда да төрелік сот шешімінен басқасы көзделмеген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

30.2-БӨЛІМ. Сараптама. (а) Қандай да бір нақты нысанда баяндалған Келісімнің немесе сүйемелдеуші құжаттың ережесіне сәйкес осы Келісім тараптарының кез келгенінің арасындағы даулар мен келіспеушіліктер, осы 30.2-бөлімге сәйкес сараптамаға берілуі тиіс жағдайларда, бұл даулар мен келіспеушіліктер 30.1-бөлімге сәйкес төрелікке берілмейді, алайда, көрсетілген тараптардың кез келгенінің жазбаша талабы бойынша тиісті тәжірибесі бар және мүдделі тараптардың келісімі бойынша тағайындалған тәуелсіз тұлғаға беріледі, бірақ осындай келісім болмаған жағдайда, аталған жазбаша талап берілген сәттен бастап отыз (30) күнтізбелік күн ішінде осы сәтте әрекет ететін Халықаралық сауда палатасы жанындағы Халықаралық төрелік соттың төрағасына беріледі.

(b) жоғарыда баяндалғанға сәйкес тағайындалған тұлға немесе фирма («Сарапшы») төреші ретінде емес, Сарапшы ретінде әрекет етеді, өз іс-қимылдарын дербес айқындайды және сенімді көрегендік пен жеделдік таныта отырып, әрі оның көзқарасы тұрғысынан қажетті тергеу жүргізу арқылы дауды немесе келіспеушілікті реттеуге



және оның пікірі жазылған жазбаша қорытынды беруге міндетті, осы қорытынды түпкілікті және аталған тараптар үшін міндетті болып табылады. Осы Келісімнің тараптары аталған қорытындыға байланысты, оған қажетті барлық ақпаратты толық алуға Сарапшыға көмек көрсетуі тиіс. Мердігер, сондай-ақ өкілетті орган да сарапшының қарауына өз атынан материалдар ұсынуға құқылы.

(с) Жоғарыда баяндалған кіші бөлімнің ережелеріне (b) қарамастан, осы бөлім қолданылатын осы Келісімнің немесе сүйемелдеуші құжаттардың тиісті ережелерінде көзделген кез келген нұсқамалар, нұсқаулықтар мен ұсынымдарға сүйену тапсырылады .

(d) Сарапшыға қарауға берілген тараптар арасындағы кез келген даулар аталған Сарапшы жүргізетін сараптама арқылы ұсынылған сәттен бастап 60 жұмыс күні ішінде р е т т е у г е ж а т а д ы .

(е) Осы бөлімге сәйкес тағайындалған Сарапшының кез келген қаламақылары мен шығындары келесі тәртіппен: кез келген мердігерлік жылдың ішінде сарапшыға бірінші жүгінуге қатысты (i) аталған қаламақылары мен шығындарды мердігер төлейді және VIII бапта көзделген тәртіппен өтеуге тиесілі, ал осы мердігерлік жылдың ішіндегі кейінгі жүгінудің болуына қатысты (ii) төлемдердің немесе шығыстардың көрсетілген сомаларын Қатысушылар тең бөліп, төлейді және VIII бапта көзделген шығындарды өтеуге тиесілі емес .

30.3-БӨЛІМ. Қорытындылар мен шешімдерді оларға кері күш бере отырып қолдану . Осы Келісім мен сүйемелдеуші құжаттардың талаптарын қолданысқа енгізудің қажеттігіне қарай, сондай-ақ онда тараптардың құқықтары көзделген осы бапқа сәйкес енгізілетін кез келген қорытындылар, анықтамалар мен шешімдер тараптар арасында тиісті даулар мен келіспеушіліктердің басталуына жол салған мән-жайлар туындаған сәтте кері күшке ие. Төреші немесе Сарапшы (жағдайға байланысты) қорытынды, анықтама немесе шешім пайдасына шешілген кез келген тарапқа пайыз беруге құқылы.